

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№ 10 | 2023

ZANMEDIA.KZ

ДОСЖАН ӘМІР,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОтЫНЫҢ судьясы:

ТӨРТ ТАРАБЫН ТҮГЕНДЕГЕН ТӨБЕ БИ

3-БЕТ



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№10 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

ТӨРТ ТАРАБЫН ТҮГЕНДЕГЕН ТӨБЕ БИ

Д. ӘМІР

3

БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

**С. СУЛЕЙМЕНОВА,
Н. МЫРЗАТАЕВ**

9

САЛАДА ПЫСЫҚТАЙТЫН МӘСЕЛЕР КӨП

Р. МАМЫРБАЕВ

14

ЖАҢА ЗАҢ БАЛАЛАР МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

А. ҚҰРМАНҒАЛИ

19

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАЗАСЫ КҮШЕЙТІЛДІ

А. ЕРҒАЗИЕВА

22

ЖАСӨСПІРІМДЕР СОТЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Ж. ЖУСУПОВА

26

ТЕРГЕУ СОТТАРЫ — АДАМ ҚҰҚЫҒЫН САҚТАУДЫҢ КЕПІЛІ

Д. ЖОЛБОЛДИЕВА

28

Санғылбай АХАТАЕВ, Түркістан облысы Кентау ауданаралық сот актілерін
орындау жөніндегі аумақтық бөлімі филиалының аға сот орындаушысы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕСКЕ СУРАНЫС ЖОҒАРЫ»

Р. НАРБЕК

30

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР ЖАЗАСЫ ҚАЙТА САРАЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

С. ТАШИМБАЕВ

34

СУДЬЯЛАРДЫҢ X СПАРТАКИАДАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Т. ИБАШЕВА

37

ТӨРТ ТАРАБЫН ТҮГЕНДЕГЕН ТӨБЕ БИ

(Төле би Әлібекұлының туғанына
360 жыл толуына орай)

Қатардағы би-шешен ғана емес, тарихи тұлғалық тұрғысынан алатын орны зор, қазіргі ресми тілмен сөйлесек, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті саясаткер Төле би туралы толғанып, ой тарқату үлкен жауапкершілік жүктейді. Олай болуының ең басты себебі – оның атқарған істерінің аса күрделі, мемлекеттік маңызының жоғарылығында, әрі сантараптылығында.

Бала жасынан бітім-болмысының бөлектігін аңдатып, аты ерте шыққан Төле бидің би ретінде танымал болуының өзі кездейсоқ емес еді. Қазақ аса сарапшыл сыншыл халық, «би» деген атақтың өзін құнсыздандырып, екінің бірінің маңдайына жазыла беретін батпандай баққа айналдыра бермеген, елі-жұрты, қоршаған қауымының сан сынағынан сүрінбей, сұрыпталып өткен сұңғылалары жеткен. Бидің әлеуметтік орыны туралы басқа емес, тура Төле бидің өзі кесіп-пішіп, қадір-қасиетін айқындапты, ешкім де тәуекелі жетіп, одан асырып айта алмаған: «Батыр деген барақ ит, екі долы қатынның бірі табады. Би деген бір бұлақ, қатынның ілуде біреуі табады».



Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

Ал енді сол халық ішіндегі онсыз да қадірі бөлек, абырой-беделі асқақ би мәртебесін, тіпті, асқақтатып, тұғырын биіктеткен, тек үлкен орда тізгінін ұстаған хандар мен сұлтандар қатарында тұрар деңгейге жеткізген Төле бидің орнын айқындаудың жауапкершілігі, міне, осында жатыр. Яғни, Төле би – тек ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта-сырымта, адам құны, мал құнын даулау мәселелерінен биіктеп, мемлекеттік дәрежеге көтерілген санаулыларымыздың бірі. Әрине, ол осы айтылған дау-шарлардың сан сынағын басынан өткеріп, қазанында пісіп-қайнап, жетілген, мол тәжірибе жинақтаған, ақыл-парасат кемелділігімен, ел ұстар даналығымен, әділеттілігімен, қара қылды қақ жарған турашылдығымен халқының көзін әбден жеткізген би, осының бәрінен аттап, бірден мемлекеттік тұғырға көтерілуі де мүмкін болмас еді.

Оның басты себеп-салдарын осындай бір ел ұстайтын кемел ұлдың, даралық қажеттілігінің туындаған заманда қырсырына үңіліп, жауап іздер болсақ, Төле бидің дәуірінде халық басына бұрын-соңды болмаған ауыр сынақ түсті. Тіпті, бұдан былайғы туар болашақта «ел болып қаламыз ба, қалмаймыз ба?» деген ауыр тарихи сұрақ таразыға тартылды. Қазақ халқы сонау жеке шаңырақ көтеріп, өз алдына ел болған, ордасын құрған Керей мен Жәнібек хандардың дәуірінен бастап, тынымсыз шапқыншылықтарды бастан кешіп келді, әуел баста Шайбани сұлтан бастаған дүрбелең, бірде басылып, саябырлаған, мамыражай тыныштық орнаған шақтары да болып тұрғанымен, біржола тоқталмай, жалғаса берді.

Көршілес Қоқан, Бұқара хандықтары шабуылдап, жиі мазаласа, одан қалмақ-жоңғардың екі ғасырға жуық созылған үздіксіз шапқыншылығына ұласты. Кез келген уақытта аждаһадай жұта салуға дайын болған көршілес екі алпауыт империялық жұрт Ресей мен Қытаймен арадағы саяси қарым-қатынас та өте күрделі жағдайда жүргізіліп келгендігі белгілі. Осылардың бәрінен Керей мен Жәнібектерден бастап, Қасым хан, Есім хандардың, өзге де хан-сұлтандарымыздың тұстарында ұтымды саясат жүргізіліп, қажетті тұстарда ерлікпен қорғана білсек

те, бұл ғасырлардан-ғасырларға жалғасқан шапқыншылықтар Қазақ Ордасын тұралатып, титықтатуға айналғандығы, саяси-экономикалық ахуалының тұрақсызданып, әлсірей түскені, соған орай, халқының саны өспек түгілі, жылдан-жылға кеми түскені де шындық болатын. Ендігі жерде Көк Түріктің қара шаңырағы саналған кең байтақ Ұлы Даланы аз қауымдасыңмен ұстап тұрудың мүмкін болмасы да таныла түсті.

Міне, дәл осы кезде, Қазақ Ордасының билеушісі Әз Тәуке ханның алдында қалайда бір ұтымды, өзгеше бір шешім қабылдап, елін тығырықтан шығару мәселесі тұрды. Ендігі жерде қарулы құрыш білекпен ерлік намысқа басып, айбалтасы мен алдаспанына сеніп, арандай беруге болмайтыны, соңынан сеніммен ерген үркердей жұртының амандығы қымбаттығы айқын танылды. Қазақ Ордасы боп ұйысқан елдің дәл осы тұстағы күрделі жағдайында, мәселені бір ғана хандық билікке ерік беріп, билеушілік тегеурінмен тізеге салып шешуге бола бермейтінін ақылы мен парасаты кемел хан жақсы түсінді. Ол үшін халықтың ішінен шыққан, жұртын аузына қарата алар, соңынан ерте білер өз өкілдеріне арқа сүйеген дұрыс еді. Ал халықтың тілін табуға, билікпен екі араға дәнекерлікке, өздері танып, алдарында ұстайтын би-шешендерден артық лайықтылар табылар ма еді? Әрине, қазақтың кең байтақ даласында аузымен құс тістеген от тілді, орақ ауызды би-шешендерге қай заманда да кенде болмаған, оларды көптеп жинап, орда айналасын бітпейтін ұзынсонар дау-дамайға айналдыруға тағы болмайды, парасатты хан үш жүздің әрқайсысынан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан бірегейлерін іріктеп, ең таңдаулы үш биді ғана орда маңында ұстауды меже тұтты.

Тарих сахнасына үш жүздің ең таңдаулы билері Ұлы жүз үйсін Төле би бастаған, Орта жүздің Қаз дауысты Қазыбегі мен Кіші жүздің Әйтеке билері осылайша көтерілді. Осы үш би ел аузында көп айтылғанымен, олардың тарихи орнын, мемлекеттік тұғырын байсалды ажырату кемшін. Шығыс-түркі жұрттарының тарихында аты шыққан ауыз әдебиетінің өкілдері аз емес, сондай-ақ,

би-шешендер қазақ ішінен ғана емес, өзге қандас, бауырлас халықтар арасынан да көп шыққан, сондықтан, бұл биік мәртебелі өнерді өз халқымызға ғана таңа беру дұрыс болмас еді. Дей тұрсақ та, мына ақиқатты да білген дұрыс: көзіміздің жететіні сол, бірақ, солардың ешқайсысы да осы қазақтың таңдаулы үш биіндей, өз елдерінің мемлекеттік, халықтық мәселелерінің шешім табуына араласпаған, елдігінің сақталып қалуына тікелей ықпал еткен мемлекеттік қайраткер, халықаралық деңгейдегі саясаткер дәрежесіне көтерілмеген!

Қазақтың ел болып қалу, қалмауы Кекіталай мезгілде осы үш абыз билеріміздің халық тағдырына араласуы жұртымыздың шексіз бағы, жолының ашылуына бастаған құтты қадамы болғандығын ұрпақ жадына қайталай сіңіре беруден жалықпауымыз керек. Осы арада тағы бір ақиқаттың басын аша кетуге тура келеді, өз кезеңінде де, тіпті қазіргі күнге дейін Тәуке ханның осы шешіміне сын айтушылар аз емес. Олардың дені Тәуке ханды жан-жақтан жау анталап, шапқыншылық басылмай тұрғанда, орда маңын бітпейтін қысыр кеңеске айналдырды, «Күлтөбенің басында күнде жиын» жасап, елдің қорғанысын әлсіретті деген уәждер айтты.

Бірақ қалайда Әз Тәукенің бірден-бір дұрыс, парасатты шешім қабылдағандығын тарихымыздың өзі айқындап, дәлелдеп берді. Мемлекеттің тұғыры бекімей тұрып, дербес саяси ұстаным-бағытын айқындап алмай, заңын қалыптастырмай тұрып, көштен қалмаудың, замана ағымына ілесудің мүмкін емесін ел тізгінін ұстаған билеушілеріміз дер кезінде түсініп, оң шешім қабылдай алды. Ендігі жерде тек қайраулы қылышыңмен көк сүңгі найзаңа, айбарлы батырларыңа сеніп, алысқа ұзамасың анық еді. Әз Тәуке ханның да, одан кейінгі заңды билік иесі Әбілмәмбет ханның өз еркімен билік тізгінін ұстатқан Абылай ханның да ұтқаны осы, елдің ішкі саясатын айқындап, қауымдас жұртының бірлік-ынтымағын күшейтуі бағытындағы тындырған ұланғайыр іс-әрекеттері болды. Төле бидің тарих алдындағы тағы бір үлкен ұлы еңбегі – оның Абылайды әлі танылмай тұрған Сабалақ ата-

нып жүрген кезінен қасиетін танып, ажыратып, ерекше қамқорлығына алғандығы еді. Оның Абылаймен қарым-қатынасын Бұқар жыраудың «Ей, Абылай, Абылай!» толғауындағы ащылау айтқан: «Төле бидің түйесін баққан құл едің...» деген сөзінде жырау баба Абылай ханды халықпен санасу тұрғысынан, әділетке шақырып, тезге салу үшін, солайша тұқыртып алу үшін, қасақана осылай ащы тұздықтылау қылып, алдаспандай тіліп айтқанын ескеру керек.

Ол замандардың бір артықша озықтығы сол, аталы сөзді қадірлеушілік болған, сол аталы сөз иелері Бұқар бабамыз сияқты ақын-жырауларды, Төле би сияқты данагөй шешендеріміздің аузынан шыққан асыл лебіздерін, кей-кейде өткір айтылған уәждерін, өзге түгілі, хан-сұлтандардың өздері есепке алысқан, азуын айға білеген билеушілеріміздің өздері санасып, құлақ асып, тыңдайтын еді. Өйткені олардың сөздерінің құдыреттілігі сонда, олар халыққа арқа сүйей отырып, ел-жұртының көкейіндегі сөзді жеткізетін. Халық қолдауына ие болған соң, құдыретті сөз иелерінің, яки ел сөзін ұстаушылардың билеушілерді қуырып алатыны, көк семсердей тілімен түйрейтіні ол кезде заңдылықтай қабылданғаны шындық.

Әйтпесе, Бұқар жырау Төле бидің Абылайды баласынан артықша күтімге алып, болашақ ел билеушілік келбетін кемеңгерлікпен танығанын, тікелей ұстазы болғанын білмеген деуімізге болмас. Сұңғыла жыраудың қырағы жанары Сабалақтың Төле бидің түйесін баққанын көргенде, оның тәлім-тәрбиесіне өзгеше мән беріп жүргенін қалай аңдамасын. Мұның, яғни, болашақ ханның Сабалақ атанып, түйе бағып, елеусіз жүруінің бір үлкен себебі, ол бұл кезде еріксіз жасырынып жүрген, хандықтан үміткер бақталас ағайыны оны кез-келген жағдайда өлтіріп жіберуі әбден мүмкін жағдай. Демек, Төле би оған түйесін бақтырса, бұл тек қамқор ниетінен, панасына алып, сырт көзге елеусіз көрсетуге тырысқан әрекеті деп пайымдауымыз қажет. Ел тарихына тек қана жанашырлық көрсету аз, байыпты көзқарас қажет сияқты. Кейде осындай нәрселерді ұсақ көріп, жеткілікті мән бермеуіміз үлкен

қателіктерге ұрындырып, тарихымыздың құнын төмендетіп, қым-қиғаш қайшылыққа алып баратын секілді. Ал кемеңгер Төле бидің, Сабалақ баладан үш жүздің басын қосып, халқын сан қиындықтан алып шығатын болашақ кемел ойлы, жасампаз ақылман қасиетімен жұртын билер ханның бейнесін танығандығы, соған орай, өзгеше күтімге алып, болашақ ел ұстайтын билеушілік бағыт беріп, тәрбиелеуі ғажайып сәуегейлігі мен асқан көрегендігі болатын.

Төле би тарихымыздағы алар орыны айрықша осы ханның екеуіне де бас кеңесші, оң қолы бола білді, ел тарихында дәл Төле бидей мемлекеттік биік статусқа - мәртебелі төбе билікке жеткендер сирек. Әрине, өз алдына шаңырақ көтерген кезеңдерден бастап, сан қилы ғажайып қаһармандық жолдарды кешіп келсе де, Қазақ Ордасының тұғырын бекітіп, табанынан нық тұру үшін, өз заманына сай заңдары болуы қажеттігін Әз Тәуке хан үш жүздің үздік үш биі мен бас қосқан сәттен бастап талқылап, алдарына басты мүдде етіп қойды.

Әз Тәукенің «Жеті Жарғы» заңы осындай қажеттіліктерден соң дүниеге келді. Әрине, тақыр жерге шөп шықпасы анық, елдің заңына да алдыңғы ата-бабаларымыздың ел, қағанат, хандық болып ұйысқан тарихтағы тәжірибелері сарапқа тартылды. Бүкіл түркі даласын біріктірген, жарты әлемді бағындырып, құзырына бас идірген даңқты Шыңғыс ханның жасақ заңы, Керей мен Жәнібек аталарының құрып, шаңырағын тіктеген Қазақ Ордасының керегесін нығайтып, бекемдей түсу үшін, олардың ұрпақтары Қасым ханның қасқа жолды заңы, Есім ханның ескі жолды заңы жасалып, өз кезеңінің тарихи миссиялық қызметін абыроймен өткергендігі белгілі. Міне, осы заңнамалық тәжірибелердің бәрі сарапқа салынып, сол тұстағы ел мүддесіне орай үйлестіріліп, жаңартылуы, өз қоғамына сай жазылуы тиіс болды.

Төле бидің тарих алдындағы және өзінің халқы алдындағы ең басты ұлы еңбегі – осы Қазақ Ордасының басты құжаты «Жеті Жарғы» заңын құрастырып шығаруға тікелей атсалысып, негізгі авторларының бірі болғандығымен байланыстырылады. Бұл

арада Төле бидің тек данагөй би-шешендігі ғана емес, ұзақ жылдар көршілес елдермен қарым-қатынаста жинаған елшілік тәжірибесі, халықаралық байланыстардағы біліктілігі, әлемдік, адамзаттық мұрат-мүдденің қыры мен сырына жетіктігі, дәуірінің талабына сай жалпы көреген саясаткерге айналғандығы, ел келешегін танып, болжай алар сұңғыла жүйрік танымы алдыңғы орынға шықты.

Әз Тәуке ханның кемеңгер билеушілігі сонда, ол осы үш жүздің ең таңдаулы үш биінің әрқайсысын, олардың аса озық таныған, жетік меңгерген салаларына қарай пайдалана білді, осының нәтижесінде «Жеті Жарғы» заңының әлеуеті асып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленді, билік пен халықтың арасы жақындай түсті. Осы үш бидің ынтымақ, бірлігі тұсында би-шешендік өнердің мазмұны артып, беделі шарықтап көтерілді, ендігі жерде, елдік мәселесі, жер, ұлттық мүдде, отандық мұрат, ел мен жерге адалдық, туған жерді қорғап, қызғыштай қорып, аялап, көздің қарашығындай сақтай білу, әрбір қарыс жері - қасиетті топырағы үшін күресе білу идеясы асқақтап, мәңгіліктің тақырыбына айналды. Біз Төле биден қалған ұшан-теңіз мұраларды сараптап, салмақтай отырғанда, бұған айқын көзімізді жеткізе түсеміз. «Жеті Жарғы» заңы, тіпті күні бүгінге дейін маңызын жоймай, елдігіміздің нақ темірқазық жұлдызындай жол нұсқап келеді деп сеніммен айта аламыз.

Төле бидің оқшау жаратылысын ғұмырлық деректерінен де айқын аңдап отырамыз. Ел арасына кең тараған әңгімелер желісі бойынша, Ұлы жүз Үйсіннің Жаныс тармағынан өрбіген Төле би әулетінде оған дейін байлыққа да, билікке де ешкім жетпеген дейді. Дегенмен әкесі Әлібектің би атағы жайылғандығы, арғы атағы Құдайбердінің де би атағы шығып, тіпті Есім ханның серігі болғандығы, оған әйгілі Марғасқа жыраудың толғауына арқау болған Қатаған ұлысының билеушісі Тұрсынмен егесі тұсында жақтас болғандығы туралы деректер кездеседі.

Осыған қарағанда, Төле бидің өзі осал тұқымның ұрпағы еместігін, өскен ұясынан алған өнегесі, ұлағаты биік болған-

дығын шамалаймыз. Бұл тараптағы әңгіменің мәнісі оның ортасынан оқ бойы озып шығып, барша алаштың көгіне жарқырай, дара танылғанында болса керек. Әйтпесе, әйгілі замандасы, өмірінде бек жарасып, тіл табысқан тірлігі, бірлесіп жасаған іс-әрекеттері тұтас алаштың бағына айналған, тарихи тағдырлас серігі Орта жүздің Қаз дауысты Қазыбек биі «Дүниеден Төле би өтті» деген хабар жеткенде, көкірегі қарс айрыла күңіреніп «Төле өлді дегенше, әділет өлді десеіші, бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» деп жоқтар ма еді?

Орайында баса атап көрсететін мәселе, Қазақ Ордасының аяғын нық басып, алға қарай қарыштап, қадам басып, ілгерілеп кетуіне, ұтымды саяси бағыт жолдарын айқындап алуына осы үш жүздің топ жарған үш биінің өзара ортақ ынтымақ-бірлікке жетуі, таразының басын бұра тартпай тең ұстай білуі, қара қылды қақ жарып, әділетті билік айта білуі аса маңызды рөл атқарды. Олардың өзара сенісіп, түсінісіп, тізе қосып, бірлесіп мемлекеттік маңызды жұмыстарды қоғамдасып атқаруы, ортақ шешімге келе білуі жұртымыздың біртұтас ынтымағының, береке-бірлігінің кепілдігіне айналды. Міне, үш бидің бірлесуімен дүниеге келген «Жеті Жарғының» жасампаздық қуаты, өміршеңдігі осында еді. Қазақ Ордасының болашағы бұлдыр болып тұрған күрделі кезеңнен алып шыққан, ең басты мемлекеттік қаруы, озық жетістігі, бетке ұстаған қалқанымыз осы «Жеті Жарғы» болғандығын мақтанышпен айтуға құқылымыз.

«Жеті Жарғы», сонымен бірге, Төле би бастаған ұлы билеріміздің кемеңгерлігінің ұшпаққа шыққан, ұланғайыр біліктілікке жетіп, мол тәжірибе жинақтаған, кемелденіп, шарықтай көтерілгендігінің де дәлелі еді. Әз Тәуке ханның да көрегендігі осында жатқандай, ол билердің пісіп-жетілген үздік қырларын ел мүддесіне пайдаланып, жұртының кәдесіне жарата білді. «Жеті Жарғының» қуатты серпіні өзге ілгері кеткен, даму үстіндегі елдермен иық теңестірді, таңдаулы билеріміздің ел аумағынан асып, шартарапқа көз жібере алардай, көңіл көкжиегімен дүние келбетін танып, төрт тарабын түгел

болжай алған, ел мүддесі мен адамзаттық мүддені ұштастыра алған даналыққа жеткен, әлемдік ойлауға қабылеттілік деңгейлерінің биіктеп өскендігін аңдатқандай болды.

Төле бидің үздік қырларын, әділет көк-сеген сұңғыла көкіректігін көршілес елдер де, әсіресе, түбі бір түркі қауымдас іші, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, тіпті, екі ғасыр жауласқан қалмақ-жоңғар іші де мойындаған, төрелігіне құлақ асып отырған. Төле би бауырлас түркі жұрттары арасында «Қарлығаш би» деген атпен де кеңінен танымал болған. Осыған байланысты бір тарихи ақиқатты аңыз былайша өрбиді: Қалмақ-жоңғарлар қазақ жеріне ішкерілей енгенде, әуелгі бет қаратпас қарқынмен Ұлы жүздің біраз жерлерін жаулап, өздеріне қаратып алған. Қаратау айналасындағы қарайлас қауымды дәргейіне бағындырып жылжып келе жатқан жау әскерінің көзі айдалада көшпей отырып қалған қараша үйге түседі.

Жау екпінінен қаймықпай, айылын жимай отырған бұл кім екен деген таңданыспен әлгі үйге шауып келіп, жөн сұраса, іштен бас көрсеткен қария өздеріне ұрсып, «амандық жоқ, саулық жоқ, бұл не баса-көктегендерің!» деп беттерін қайтарып: «Анау қонтайшыларыңа жеткізе барыңдар, менің құтханамаңның маңдайшасына қарлығаш ұя салып еді, ескі замандардан ата-бабаларымыздың дәстүрінде қарлығаш қасиетті құс саналғандықтан, ұясын бұзушылық күнә саналып келген. Мен бұл қарлығаш балапандарын талпындырып, ұшырғанша бұл арадан жылжымаймын!» деп кесіп айтыпты. Қарияның дәлелді уәжіне не айтарын білмей, сасып қалған шолғыншылар билеушілеріне қайта шауып барып, оның сөзін жеткізеді. Сонда ауыр ойға қалған қонтайшы: «Бұл тегін адам болмады, әулие қария болуы керек. Оның айтқаны дұрыс, ата-бабаларымыздың қарлығаш құсты киелі санап, ұясын бұзбайтынын мен де талай естіп едім, қарияға тиіспей жөніне қалдырыңдар!» деп бұйырып, атының басын бұрған екен дейді.

Осы аңыздағы сөз болатын басты кейіпкер Төле би екен және осыдан кейін оған «Қарлығаш би» есімі беріліп, түркі халықтарының арасына кеңінен тарап кетіпті. Бұл

аңыздың зор тәлімділігі, ұлағаты өз алдына. Мен оқырман назарын мынаған аударар едім: осы аңызда Төле бидің аузымен айтылған сөзде қарлығаштың ұясын бұзудың үлкен айып екендігін аңғартумен бірге, бейбіт жатқан көршілес әрі түбі бір тамырлас қазақ халқына шабуыл жасап, басып алған қалмақ-жоңғардың шапқыншылығын айыптау бар сияқты. Әулие би осы әрекеті арқылы «түбі бір түркі жұртының өз ұясын талқандағандай, бауырлас қандастарын шабулары қалай?» деген емеурін білдіруі болар деп шамалап ой қорыттым.

Қонтайшы да осыны ұғып, беті қайтып қалғандай, дегенмен, әрине, ел болып шешкен соғыс жоспарын бұзу, аяқ астынан шегіну де қиын болды ма, әйтеуір, шапқыншылық тоқталмаған, жалғаса берген. Дегенмен Абылай хан мен Жоңғарияның ақырғы заңды қонтайшысы Қалдан Серен өзара келісімге келіп, бұл ғасырдан-ғасырға созылған соғыстың түркі тектес бауырлас екі жұрт үшін еш мағынасыздығы, бұл соғыста олардан гөрі көршілес екі алып империяның мүддесі көбірек көзделгендігінің сөз болып, талқылануы туралы мағлұматтар осы тарихи оқиғалардың барысында әлі де ақиқаты ашылмаған көмескі жағдайлардың барлығының дәлелі.

Мұны, тіпті өз кезінде әйгілі Бұқар жырау да дәлелдеп, қауіптің қай жақтан көбірек төнетіндігін айқын танытып, көрсетіп кеткендігі белгілі. Бұқар бабамыз ұрпақтарын сақтандырып, ескертіп кетсе, бүгінгі ұрпақ та осының маңызына бойлауы тиісті емес пе еді? Сондықтан бұл біз үшін әлі де болса ашық, жалғасатын тақырып, оны доғарып, үзілді-кесілді тоқтатып тастау елімізге жаулық пиғыл ұстайтындар үшін ғана тиімді болмақ. Ал Төле билердің елімен бірге жандарын шүберекке түйіп жүріп, билеушілерімізге дұрыс бағыт бере білуі, елінің саяси-әлеуметтік даму бағытын айқындауға үлес қосуы халқын қалайда аман сақтап, болашаққа сәтті қадам басуға бастауы ұшан-теңіз еңбек екендігі сөзсіз.

Төле бидің тек би-шешен, қоғам қайраткері ғана емес, ел басқарушылығымен де аты шыққандығы аян. Ол, жоғарыда айтқанымыздай, түбі бір түркі жұртының бірлігі,


ынтымағы үшін зор еңбек еткендігіне тағы бір айқын дәлел, оның осы түркі тектес сан ұлттар мен ұлыстардың басы қосылған Ташкент пен Түркістан шаһарларын, сол аймақ тұрғындарының қалауымен билеп тұрғандығы мәлім. Мысалы, бір деректе Ташкентті он екі жыл билеген десе, екіншісінде алты жыл билеген дейді. Деректер әрқилы болғанымен, ең бастысы, негізсіз емес. Әйгілі би осы сан қырлы қызметінде тек абыройлы атағы шығып, ел құрметіне бөленіп отырған.

Тек бір айтарымыз, Төле би туралы аңыз әңгімелердің, жалпы, түрлі тарихи мағлұматтардың көп жағдайда әртүрлі баяндалып, бірізділікке түспегендігі. Ауыз әдебиетіне көп варианттылық тән заңдылық десек те, Төле би секілді өмірде нақты болған адамның және көрнекті тұлғаның, әсіресе, биік қырларын танытатын қасиеттері әңгімеленетін хикаялардың әркелкілігі көңілге кірбің ұялатады және би еңбектерін сараптап, зерттеуге ниеттенген адам үшін де қолбайлау болатындығы рас.

Төле бидей сан қырлы, қасиетті адамның бар қырын бірер мақалада ашып шығу мүмкін емес екенін былай қойып, оның мемлекеттік тұғырын толық айқындап, сараптап шығудың өзі аса күрделі мәселе. Дегенмен біз оның ауыз әдебиетінің өкілі деңгейінен көтеріліп, би-шешендік өнердің аясынан асып, мемлекеттік қайраткер тұлғасы тұғырына көтерілген бірегей дара бітім-болмысына бойлауға тырыстық, талпындық. Бұл талабымыз осы тараптағы ізденістің басы да, аяғы да болып қалмасына сенеміз. Төлебитушылықта жаңалық ашу, тыңнан ой қозғаудың қиын екендігін әркім сезінер, біз де сол көптің ішіндеміз. Мақсатымыз ол болмағанымен, өз заманымыз тұрғысынан баға беріп, келешек ұрпақтың айтылар ойларына, берер бағасына нәр берсек, ой тұздығын сепсек, өзіндік үлесімізді қоссақ деген ниет қана. Төле би туралы сөз біткен десек, кері кеткендіктің әңгімесі болары анық, тұлға қасиетіне бойлау, өзіңше өрелеу, дара болмысын айқындауға үлес қосу, замана, қоғам тұрғысынан үн қосушылық жалғаса бермек. Төлебитушылықтың тоқырап қалуы елдігімізге мін болып табылары хақ.

БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

«Баршаға қолжетімді сапалы білім» жобасы білім сапасын жетілдіру мен барша жұрттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ұсынылып отыр. Дегенмен аталған ұлттық баяндама жобасы педагогтердің I съезіне 2023 жылғы қыркүйек айындағы жалпы білім сапасын жетілдіруден гөрі, әйтеуір, бір реформалау болса болды деген ниетпен жасалған тәрізді, алайда, ішінде кейбір қолдайтын тұстары да жоқ емес.



Біз барлық мәселе емес, осы баяндамада айтылған екі білім беру жүйесіне тоқталсақ, ондағы кейбір мәселелер мен оларды шешу жолдарын ұсынып көрсек деген ойымыз бар. Біріншісі – орта білім беру, екіншісі – жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласы.

Әр мектеп – үздік мектеп

Қазіргі таңда Қазақстанда мектептің төрт түрі бар. Олар мемлекеттік, жеке меншік мектептер, сондай-ақ тек мемлекет қаржыландыратын жеке меншік мектеп және ата-аналар жеке қаржыландыратын мектептер.

ГОСО (Жалпы мемлекеттік білім беру стандарты), бұдан әрі мемлекеттік стандарт әртүрлі мектеп нысандарына байланысты міндетті білім беру бағдарламалары да әртүрлі болуды ұсынып отыр. Біздіңше, бұл ұсыныс қайта қаралу керек. Біздің ойымызша, мектепте мемлекеттік стандарт ҚР Конституциясының 30-бабына сәйкес болу керек деп ойлаймыз. Барлық мемлекеттік мектептерде бір мемлекеттік стандарт болу керек. Осы стандарт меншік насанына қарамастан барлық мектептерде сақталу тиіс.

Ал арнайы жеке меншік немесе жеке меншік нысанындағы мемлекеттік және ата-аналар қаржыландыратын мектептерде осы мемлекеттік стандарт қатаң сақталып, осы стандартқа қосымша білім беру бағдарламасын жетілдіруге қосымша пәндер қосуына рұқсат берілу арқылы ғана мемлекеттік жалпы білім беру стандарты бекітілу керек.

Себебі біздің елімізде балалардың бәрі IQ орташа деңгейде емес, мысалы, бір сыныпта 25 бала болса, соның бірен-сараны ғана алғыр, ерекше қабілетке ие болуы мүмкін, бірақ, бәрі алғыр болуы да мүмкін емес. Сондықтан да біршама баланың қабілеті жоғары болғанымен, жалпы оқушыларда ондай ерекше қабілет жоқ. Сондықтан қалған 80 пайыз оқушының қабілеті мен деңгейінде жалпы мемлекеттік стандарт жасалып, сол

мемлекеттік стандарт барлық мектепте бірдей қолданылғаны абзал.

Біздің елдегі жалпы орта мектептің тағы бір ең үлкен кемшілігі немесе мәселесі – ол мектеп оқулықтарының әртүрлі баспадан шығуы мен оның барлығы мектептерде аралас оқытылуы. Бұл да өз кезегінде көптеген заң бұзушылықтарға әкеліп отыр деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, халықаралық стандарттарға сай, мектеп оқулықтары бірегей бір мемлекеттік стандарт бойынша бір ғана баспада білікті авторлар бірлесітігімен бекітілген жалпыға білім беру бағдарламасы болуы керек. Осындай бірізділік болғанда ғана барлық бала құқығы теңесіп, жоғары оқу орындарына оқуға түсетін кезде де тең құқықтары сақталады. Бұл жерде мемлекеттік гранттар ұтып алу кезінде тест сұрақтарының түрлі баспадан шыққан оқулыққа байланысты сан алуан болуы талапкерлердің конституциялық құқықтарын толық әрі тең деңгейде қамтамасыз ете алмайды.

Әртүрлі білім беру бағдарламалары мен түрлі баспадан шыққан оқулықтар талапкерлердің ҰБТ тапсыру кезінде мемлекеттік грантты ұтып алу бойынша құқықтарының әділетсіз игерілуіне негіз болып отыр. Мемлекеттік мектептердің рөлін көтеру мен мән мағынасын арттыру үшін білім беру мемлекеттік стандарттарды күнталабына сәйкес негізгі пәндер санын арттырған жөн, ал қосымша пәндермен мемлекеттік тілден басқа пәндерді оқыту бойынша сағат сандарын екі есе қысқарту арқылы негізгі пәндерге ден қою керекпіз.

Мемлекеттік стандартты игеруде оқушыларға қосымша білім беру үшін ешқандай шек қойылмай, керісінше, барынша жағдай жасалу қажет. Сонда ғана біздің елде адамның қабілетіне қарай білім алу қағидасы жүзеге асқан болар еді. Оқушының қабілетіне қарай сапалы білім алмауының түптамырын осы мәселеден іздеуге болады. Ал алғыр, қабілеті жоғары оқушылардың өз қалауларымен немесе оқытушы жетекшілігімен қажетінше қалаған қосымша пәндерді таңдау арқылы білімдерін дамыту теті-

гі, өкінішке қарай, аталған ұлттық жобада қарастырылмаған.

Мемлекеттік мектептен басқа нысандағы барлық орта мектеп, ҚР Конституциясының 30-бабына сәйкес, ең алдымен, мемлекеттік стандарттарды толық орындауы тиіс, содан кейін ғана арнайы мамандандырылған бағыттарда қосымша білім беру бағдарламаға сай жүзеге асырылса, игі болар еді. Бұл жерде біз екі білім беру бағдарламасын енгізу қеректігін айтып отырмыз.

Алғашқысы, әрине, мемлекеттік сатандарт, екіншісі – қосымша білім беру бағдарламасы. Осындай құқықтық негіз бен айқын білім беру саясатын ұстанған кезде ғана тұрақты әрі сапалы білімге қол жеткізуге болады. Жай мектептер мен гимназия, лицей, арнайы мамандандырылған мектептерде осы ереже қатаң сақталып, оны тексеретін министрліктің өкілеттігі заңмен бекітілуі керек. Лицензияны алып қоюға негіз болатын шарт заңда және осы ұлттық жобада бекітілу керек деп ойлаймыз.

Мектепті дамыту жоспары ретінде ұзақ мерзімді жоспарлау туралы ұсынысты құптаймыз. Бірақ мұғалімдерді басқаруға араластыруға болмайды, бұлай еткен жағдайда кадр саясаты мен білім беру бағдарламаларында тұрақтылық сақталмайды. Сондықтан тұрақтылық екі негізде жүзеге асырылу керек. Біріншіден, мемлекеттік стандарт кем дегенде 10-20 жылға жасалуы және онда негізгі білім беру пәндері өзгермейтіндей болуы тиіс. Тек қосымша пәндер мен қосымша білім беру бағдарламаларына ғана өзгерістер мен толықтырулар енгізуге икемді жүйе ретінде қалыптастырылуы тиіс.

Екіншіден, мектеп басшылығы мен оқытушылардың аражігін ашып, алдарына нақты міндеттер қою керек. Оқытушы тек білім берумен және оның сапасымен айналысқаны абзал. Ал мектеп әкімшілігі оқытушы мен оқушы сапалы білім алу үшін барлық техникалық-материалдық әрі ұйымдастырушылық қызметпен ғана айналысқаны дұрыс.

Оқытушының дербестігін заңмен қамтамасыз етпей сапалы білім болмайды. Мек-

теп әкімшілігінің рөлі мен қызметін оның өкілеттігін қайта қарастырып, әкімшілікті қызмет көрсетуші персонал, ал оқытушы мен оқушы ең негізгі білім беру процесіне қатысушы екендігін ұлттық жобамен бекітіп бермейінше, директорлардың қазіргі қалыптасқан санасын өзгерту мүмкін емес.

Ғылымды дамытуда озық елдер тәжірибесіне сүйенген жөн

Ұлттық жобада «Қоғамдағы цифрлық трансформациялардың соншалықты қажеттілігіне қарамастан, ЖОО оқытушы мен студенттің бетпе-бет сөйлесу мүмкіндігін сақтауы, ғылым мен шығармашылыққа шабыттандыруы, оқуға ынталандыруы, жоғары адамгершілік және жоғары құзыреттілікке тәрбиелеудің ерекше атмосферасын ұсынуы қажет» деп көрсетілген. Аталған ұсыныспен толықтай келісеміз.

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы сәйкес, өмір бойы білім алуға деген қажеттілікті азайту керекпіз. Мұнда білім беру саласын бизнес, кәсіпкерлік қызмет ретінде дамытуды жетілдіру емес, білім берумен кәсіби мамандықты игеру негізгі мақсат болу керек. Дегенмен қазіргі халықаралық тенденцияға қарайтын болсақ, онда ол нағыз бизнес кәсіпкерлік салаға айналып кетіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық жоспарда бірінші алдағы саясатты айқындап алуымыз керек. Егер жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылымды коммерцияландыру саясатын ұстансақ, онда осы бағытта алдыңғы қатарлы дамыған АҚШ пен Англияның озық тәжірибелеріне сүйенген жөн.

«Жоғары оқу орындары жүйесін трансформациялау талап етіледі. Бұл ретте, бас-

ты назар еңбек нарығының талаптарына бағдарланған білім беру мазмұнын өзгертуге, техникалық қайта жарақтандыруға ғана емес, сонымен қатар бүкіл мүдделі тараптарды белсенді түрде қамтуға да аударылуы қажет» деген оны жүзеге асыру тетігі әлі күнге тиімді нәтиже бермей отыр. Осы тұрғыдан алғанда, министрлік жаупкершілікті жоғары оқу орындарына арта салмай, мәселені министрлік деңгейінде айқындап шешу керек секілді.

Елімізде қандай мамандар тапшы, қандай мамандарға сұраныс жоқ, солар жайлы қысқа және ұзақ мерзімді болжаулар жасалынып, министрлік тарапынан зерттелсе, қажетті мамандықтар мен оларға мемлекеттік гранттар бөлу, мемлекеттік саясатқа сәйкес жоспарланса, нұр үстіне нұр болар еді. Осы жоспарға сәйкес, университеттер елімізге қажетті мамандандарды даярлаумен айналысуы керек. Уақыттың өзі әркімнің өз ісімен шұғылданғанын талап етіп отыр. Министрліктің мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатты айқындау тетігі нақты іс жүзінде осы жерден көрінуі керек.

Үкімет тарапынан болашақ мамандар қандай бағытта, қандай көлемде дайындалатыны, оларды жұмыспен қамту мәселесі алдын ала жоспарланғаны дұрыс. Осы тұрғыдан алғанда, Үкімет үйлестіруші рөлде болып, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын айқындауы және университеттер алдына нақты міндеттер қоюы керек.

Жоғары білім сапасы оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігі мен мотивациясына тікелей байланысты. Жоғары оқу орнының оқытушысы мен ғалымның ерекше мәртебесі мойындалады. Жоғары оқу орындарына ғылыми жетістіктері жоғары, өндірістік тәжірибесі жеткілікті, білікті мамандарды тарту үшін оларды лайықты жалақымен қамтамасыз ету қажет.

«Оқытушы-профессорлар құрамына еңбекақы төлеу жүйесі жоғары оқу орнының әділдік пен теңдік қағидаларына бейімділігін көрсетуге тиіс. Лауазымдарды жіктеудің нақты және ашық жүйесі жалақының өсуі нақты ғылыми нәтижелерге, біліктілік

талаптарына байланысты болуы мүмкін, еңбекақы төлеудің әділ жүйесін жасаудың маңызды шарты болып саналады», дегенмен нақты өмірде әлі күнге жалақының мардымсыздығы оқытушылардың ғылыммен шұғылдануына мүмкіндік бермей отыр. Оқытушы-профессорлардың күнкөріс деңгейінде қалып қоюы, ғылымның дамуына кедергісін тигізуде.

Адам өзінің отбасындағы материалдық мәселелерді шешіп болған соң ғана қоғамның, мемлекеттің қордаланған мәселелерімен, оның ішінде ғылыммен шұғылдануға бет бұрады. Батыс елдері мұны әлдеқашан түсінгендіктен, оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыммен шұғылданушыларға ерекше назар аударып, оларды материалдық тұрғыда қамтамасыз ету шараларымен де кешенді түрде айналысады. Осы себепті дамыған елдерде сапалы мамандар даярлау барысы бізге қарағанда көш ілгері.

Қазіргі мемлекеттік және ұлттық университеттердің материалдық-техникалық базасының жекеменшік нысандағы университеттерге жете және теңесе алмауда. Сондықтан олардың ескірген инфрақұрылымдары мен техникалық базаларын әр бес жыл сайын жаңартуды міндеттеу керек. Кеңестік кездегі тақта мен борды әлі қолданып келе жатқан университеттердің саны әлі де тым көп екені белгілі.

Басшылықтың ауысуы қызметкерлерге әсер етпеуі тиіс

«Бұл жоғары оқу орындарына қызметкерлердің тұрақтылығы мен сенімін сақтай отырып, қолданыстағы жүйе мен жоспарлы жаңартулар арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді» деген құптарлық жайт, бірақ оны қалай жүзеге асырамыз, бар мәселе осында. Қызметкерлердің тұрақтылығын сақтау қалай жүргізілмек? Қазіргі жағдайда кез келген мекеме немесе ұйымда бірінші басшы ауысса, көмекшілері, мысалы, прорек-

торлар, т.б. да ауысады. Мұндай ауысулар департаменттер мен бөлім басшыларының, декандардың ауысуына себеп болады, олар өз кезегінде бөлімше басшылары мен кафедра меңгерушілерін ауыстырып, оқытушы-профессорлар құрамын қайта жабдықтайды.

20 жылдан аса тәжірибемде басшылық ауысқан кезде университетте оқытушылар мен қызметкерлердің жұмыс орнында жүз пайыз қалғанын көрмедім. Мейлі ол университет, министрлік немесе мемлекеттік орган мен мекеме болсын, қызметкерлер құрамы басшымен бірге ауысып отырады. Осы келеңсіздікті жою үшін мамандар мен оқытушы-профессорлар құрамының әкімшілікке тәуелсіз болуын қамтамасыз ететін заң қажет. Басшылық ауыса берсін, мүмкін, ұжымға жаңару керек шығар, бірақ ОПҚ ауыспайтын тұрақты қызметкерлер категориясын жасап, арнайы заңнамамен реттемесе, бұл мәселені басқаша шешу жолын көрмей отырмыз.

Жергілікті қажеттіліктерді қанағаттандыратын аудан және облыс орталықтарында, облыстық ірі қалаларда университеттер мен арнайы кәсіби білім беру мекемелерін ашуға лицензия беруді жоспарлау керек. Сонда үлкен қалаға жастардың шоғырлануы азайып, жергілікті жерде инфрақұрылым дамыту мен адами ресурстардың тапшылығы жойылады. Бұл мәселе бойынша АҚШ тәжірибесін алуға болады. Әр облыс не аудан өзіне қажетті мамандар тізімі мен алдағы болжамдарын өз сайттарында жариялап

тұрса, осы арқылы Үкімет жергілікті жердің кадр тапшылығын шешуге қол жеткізер еді. Сонымен қатар шағын қалалардан, аудан орталықтарынан жаппай көшу мен тастап кету тоқтатылып, өндіріс орындары мен шағын және орта бизнесті қарқынды дамыту арқылы жергілікті жердегі қордаланған мәселелерді шешуге болар еді. Ол үшін АҚШ-тың жергілікті билік пен жоғары оқу орындарының және жергілікті кәсіп орындармен бизнес өкілдерінің үйлесімді әріптестігін енгізу бағытында ұлттық жобаны жақсарту керек секілді.

«Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндама жобасына әлі көптеген ұсыныстар мен ұстанымдар түсетіндігіне сеніміміз мол. Бұл жасалып отырған жобаны халықтың ашық талқылануына салып отырғанның өзі қазіргі қоғамның бейжай қарамай, белсене араласуына жол ашуда. Осы арқылы жоба бойынша көптеген ұсыныстар мен тиімді ұстанымдар ескеріледі деген үміттеміз.

Сәуле СУЛЕЙМЕНОВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
заң факультеті,
«Азаматтық құқық, азаматтық
іс жүргізу және еңбек құқық»
кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д.,
профессор

Нұрмұхамед МЫРЗАТАЕВ,
PhD докторы

САЛАДА ПЫСЫҚТАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР КӨП

Сот жүйесін жетілдіру мәселесі бойынша мемлекеттік саясат тұжырымдамасын іске асыру әрбір азаматтың сот арқылы қорғау құқығын қамтамасыз етуді көздейді. Бұл негізгі қағида, ең алдымен, сот процесінің бәсекелестігін бекітіп, әділ сот үкімін шығару арқылы қамтамасыз етіледі. Қолданыстағы іс жүргізу заңнамасы кассациялық сот ісін жүргізу сатысында азаматтардың өз мүддесін қорғауға қолжетімділігін іске асыруды толық көлемде қамтамасыз ете алмайды.



**Р.МАМЫРБАЕВ,
«Жоғарғы Соттың отставкадағы
судьялары» қоғамдық бірлестігінің
тең төрағасы**

Кассациялық сот азаматтар құқығын қорғауды толық қамтамасыз ете алмайды. Еліміздің кәсіпкерлік қоғамдастығы өткізген кеңесте Мемлекет басшысы сот жүйесінің ұсынысы бойынша алғаш рет кассациялық соттар құру туралы идеясын ортаға салды. Президент дербес кассациялық соттар құру мәселесі бойынша заң және кәсіпкерлікте қоғамдастықпен талқы өткізу қажеттігін атап өтті. «Бұл мәселенің жедел шешілгені дұрыс және егер ортақ пікірге қол жеткізілсе, қаржылық қамтамасыз ету жағынан да ешқандай шығын әкелмейді», – деді Президент.

Сонымен қатар, бұл инстанцияны құру

бастамасын сот жүйесінің өзі көтеріп отыр, бұл реформа азаматтардың құқығын жақсырақ қорғауға ықпал етері анық. Жоғарғы Сотта мұндай сатының жұмыс істеуі Жоғарғы Сотқа жоғары сот сатысы ретінде Жоғарғы

Соттың төрағасына шағымдануға мәжбүр болады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, қазіргі уақытта Жоғарғы Сотта кассациялық алқалар деп аталатын шағымданудың екі кезеңі қалыптасқан, сонымен бірге Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы және Қазақстан Республикасы Бас прокурорының наразылығы бойынша дауды шешу кезеңі жұмыс істейді.

Жоғарғы Сот судьясына кассациялық өтінішті жеке-дара қарау құқығын беру сот төрелігін бәсекелестік негізінде жүзеге асыру қағидатына қайшы келеді. Өйткені, процеске қатысушылар өз ұстанымын жария ету мүмкіндігінен айырылады. Шын мәнінде, кассациялық алқа шағымдану сатысы ретінде жойылды, ал Жоғарғы Сотта кассациялық алқа қадағалау және кассациялық алқалардың аралас функцияларын орындайды. Заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға мүмкіндік бермейді. Қазақстанда сот актілеріне шағымданудың үш буынды сатысы бекітілді, алайда ол іс жүзінде өз тиімділігін көрсетпеді. Іс жүзінде барлық істер аудандық, қалалық және мамандандырылған соттарда бірінші сатыдағы соттың ережесі бойынша қаралады.

Облыстық соттарда істер апелляциялық, ал Жоғарғы Сотта кассациялық тәртіппен қаралады. Осылайша, облыстық соттардағы кассациялық алқа заңнамалық тұрғыдан жойылып, Жоғарғы Сотта құрылды. Алайда сот процесіне қатысушылардың өтініші бойынша істі қарау туралы мәселені судья алдын ала жеке-дара шешеді және, практика көрсеткендей, судьялардың басым көпшілігі істі кассациялық алқа қарауына беруден бас тарту туралы қаулы шығарады. Соның салдарынан шарасыз азаматтар кассациялық алқаға сот актілерін қайта қарау туралы ұсыныс енгізу құқығы болғандықтан, Жоғарғы Соттың төрағасына шағымдануға мәжбүр болады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, қазіргі уақытта Жоғарғы Сотта кассациялық алқалар деп аталатын шағымданудың екі кезеңі қалыптасқан, сонымен бірге Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы бойынша және ҚР Бас прокурорының

наразылығы бойынша дауды шешу кезеңі жұмыс істейді. Жоғарғы Сот судьясына кассациялық өтінішті жеке-дара қарау құқығын беру сот төрелігін бәсекелестік негізінде жүзеге асыру қағидатына қайшы келеді. Өйткені процеске қатысушылар өз ұстанымын жария ету мүмкіндігінен айырылады.

Тараптар өз ісінің сот отырысында қаралуы үшін мемлекеттік баж төлейді, сондықтан шағымының сот отырысында қаралуын талап етуге құқылы. Ал оның орнына сот процесін жүргізбей-ақ, судьяның қолы қойылып, жеке-дара шығарған қаулысын алады. Осылайша, ол өзінің позициясын көпшілік алдында қорғау мүмкіндігінен айырылады. Дәл осы күрделі мәселе азаматтардың наразылығын тудырады, оның соңы наразылық акцияларына ұласатынын көзіміз көріп жүр. Соның салдарынан сот құрылымының қағидаттары бұзылады. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін кассациялық сатыдағы сотқа шағым берген әрбір адамға өз дәлелін тыңдату құқығы беріліп, әрі оның ісі толық алқалы құрамда және жариялы түрде қаралуы тиіс. Осы ретте шығарылған сот актілерінің тек бес пайызына ғана кассациялық тәртіпте шағымданатынына Президенттің назар аударуы бекер емес. Өйткені жеке және заңды тұлғалар арасында шағымдар ашық сот процесінде жария түрде қаралмайды деген теріс стереотип қалыптасқан.

Қалыптасып отырған жағдайды шешу мақсатында судьялар мен отставкадағы судьялар Жоғарғы кассациялық сот құруға қатысты екі ұсынысымен бөлісіп отыр. Ол үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша дербес кассациялық алқаны біріктіретін бірыңғай Жоғарғы кассациялық сот құру керек немесе дербес үш кассациялық алқа құру маңызды. Азаматтарды сот төрелігіне жақындату үшін бірнеше өңірде кассациялық алқа құру да артықтық етпейді. Мысалы, Астанада немесе Қарағандыда солтүстік және орталық облыстар үшін кассациялық орталық құруға болады. Алматыда немесе Қонаевта оңтүстік облыстар үшін, Ақтөбе немесе Қызылордада батыстағы об-

лыстар үшін және Семейде немесе Павлодарда шығыстағы облыстар үшін орталық құрған орынды.

Судьялардың көпшілігі екінші тұжырымдаманы қолдайды. Өйткені алқалар сот төрелігін дербес және автономды жүзеге асырады, сонымен қатар, бұл сот жүйесінің мамандануы мен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Бірыңғай Жоғары кассациялық соттың құрылуы, тек Жоғарғы Соттың маңдайшасындағы жазудың өзгеруі емес, мұның соңы екеуінің арасындағы тартысқа ұласуы, бәсекелестікке алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайдың қалыптасуынан сот процесіне қатысушылар зардап шегеді. Сондықтан, біздің ойымызша, барлық ұсыныстарды мұқият зерделеп, мәселені тек ел азаматтарының мүддесіне сай шешу керек. Егер жаңашылдықпен бір мезгілде қолданыстағы іс жүргізу заңнамасына өзгерістер енгізілмесе және толық кассацияның жұмыс істеу тетіктері қамтамасыз етілмесе, Жоғарғы Соттан кассациялық алқаларды бөлудің және дербес алқаларды құрудың ешқандай пайдасы болмайды. Жеке және заңды тұлғаның азаматтық және әкімшілік істер бойынша жарыссөздік қағидат негізінде мемлекеттік баж төленген кез келген өтінішхатқа тараптардың қатысуымен тиісті шешім шығарыла отырып, кассациялық алқаның отырысында қаралуға тиіс.

Қылмыстық істер бойынша да осындай тәжірибе қолданылуы керек. Бүгінде қылмыстық істер бойынша судьяның өтінішхатты алдын ала шешуі туралы норма бекітілген. Жоғарғы Сот қадағалау тәртібімен сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуі керек. Ал төмен тұрған соттар бұл қағиданы бұзған жағдайда қадағалау функцияларын орындауға тиіс. Қазіргі уақытта талап қою талаптарының мөлшеріне байланысты жеке және заңды тұлғаларға қатысты дауларға кассациялық тәртіппен шағымдануға шектеу бар. Мұндай шектеу қылмыстық істер бойынша да қойылған. Бұл өз кезегінде сот төрелігін жүзеге асыруға теңдей қол жеткізу қағидатын бұзады. Сондықтан, қол-

даныстағы іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша заң жобасын әзірлеу қажет.

Судьяның жасына қатысты мәселе де өзекті болып табылады. Судьялар шеберлігін енді шыңдап, тәжірибесін молайтқан тұста отставкаға кетеді. Бізде ол 63 жылды құрайды. Дегенмен, Жоғарғы Сот төрағасының ұсынысы бойынша кейбір судьяның қызмет ету мерзімі 65 жасқа дейін, ал ерекше жағдайларда 70-ке дейін ұзартылуы мүмкін. Мұндай шектеулер қабылданғаннан кейін кейбір судьялардың қызмет ету жылы себепсіз ұзартылса, кейбіреулеріне ұзартылмады. Бұл судьялар арасында түсінбестік тудырғаны рас. Басқа елдерде қалай екенін саралап көрейік.

Өркениетті елдердің көпшілігінде отставкаға кету мәселесін денсаулық жағдайына немесе басқа себептерге байланысты судьяның өзі шешеді. Ал біздің елімізде сот төрелігін жүзеге асыруда білімі мен мол тәжірибесі бар, мінсіз беделге ие судьялар нағыз қызмет етер кезінде отставкаға жіберіледі және оның кәсіби әлеуетін судьялар корпусы пайдаланбайды. Сонымен қатар, отставкадағы судьялардың әлеуетін, кәсіби деңгейін арттыру, сот қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі басқа да мәселелер сияқты маңызды жұмысқа сирек тартылады.

Ел Президентінің бастамасымен «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы заңда отставкадағы судьялардың төлемін 109 айлық есептік көрсеткішпен шектейтін 35-баптың редакциясына өзгерту енгізу мәселесі оң шешімін тапты. Аталмыш заң жобасы қабылданғаннан кейін судьялық қызметке орналасқысы келетін заңгерлер саны міндетті түрде артады, өйткені, судьялар үшін отставкаға шыққанда берілетін төлемнің көлемі өте маңызды. Сонымен қатар, бұл соттардағы сыбайлас жемқорлық индексін төмендетуде де пәрменді. Жалпы, қоғамда сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі судьяның шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз

ету мәселесі ұзақ уақыттан бері талқыланып келеді. Судьялар сыртқы ықпалдан ешқашан сақтандырылмаған. Әрі мұндай келеңсіздіктен судьялардың қорғалмағанын да айта кетуіміз керек. Соған қарамастан, судья заңды және негізделген сот үкімін шығарады. Осыған байланысты сот жүйесінің өзіне терең реформа қажет.

Әрбір сот сатысында судьяларын тәрбиелеуге тырысатын «бастықтар» өте көп және мұндай ықпал ету формалары да әртүрлі. Жоғары тұрған инстанциялар ең өзекті істерді бақылауға алып, судьяларға кейбір «маңызды» істер бойынша жазбаша анықтамалар дайындауды мәжбүрлейтін мысалдар да бар. Ал бұл үлкен жүктемемен жұмыс істейтін судьялардың көп уақытын алады. Мұның соңы қаралатын істердің сапасына тікелей әсер ететінін ұмытпауымыз керек. Тіпті, кейбір соттарда судьяның істерді сот төрағасына, алқа мен оның төрағасына алдын ала баяндауын міндеттейтін тәжірибе қалыптасқан. Өкінішке қарай, судьяға басқа құқық қорғау, фискальдық органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан қысым жасау тәжірибесі әлі күнге жойылған жоқ. Сондықтан, біздің ойымызша, судьялар үшін осы маңызды мәселе бойынша жаңа заң жобасын әзірлеу қажет. Өйткені, қолданыстағы заң декларативті сипатта жазылған.

Бірыңғай сот практикасын қамтамасыз ету Жоғарғы Соттың тікелей міндеті саналады. Әкімшілік-командалық жүйе кезінде де сот практикасының біркелкілігін қалыптастыру мақсатында судьялардың кәсібилігін арттыруға қадамдар жасалды. Тоқсан сайын облыстық соттар өз аймағындағы сот практикасын қорытындылап, соттардың жіберген қателіктерін көрсетті, материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын қолданудағы кемшіліктерді атап өтті, мұның бәрі судьяның кәсіби деңгейін көтеруде баға жетпес капитал болды.

Семинарлар мен біліктілікті көтеретін дәріс түрлері жүйелі түрде өткізілді және сот төрелігін жүзеге асыруда жақсы көрсеткішке қол жеткізген судьялар жар-

тыжылдық және жыл қорытындысы бойынша өтетін кеңестерде марапатталды. Бұл белсенді жұмыс істеуге ынталандырғаны сөзсіз. Өкінішке қарай, кәсіби шеберлікті арттырудың бұл түрін бүгінде әсері жоқ жиналыстар, конференциялар, пікірталастар алмастырды. Соның кесірінен азаматтар бірыңғай сот практикасының бұзылғанына жиі куә болады.

Қазіргі уақытта ол кассациялық сатыдағы шағымдар мен өтініштер көп. Соның салдарынан сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету мүмкіндігінен айрылған. Судьялық лауазымдарға кадрларды іріктеуде және таңдауда елеулі олқылықтар бар. Біліктілік емтиханын тапсырып, конкурсқа қатысқан үміткер өзін судья етіп тағайындау туралы өтініш жазады. Бірақ, оның тағайындалуы Жоғары Сот Кеңесінің субъективті пікіріне байланысты. Өкінішке қарай, бұл сүзгіден сауаты төмен, қолы таза емес үміткерлердің де өтіп кеткені белгілі. Кейіннен мұндай мамандар сыбайлас жемқорлық және басқа да жағымсыз істері үшін қызметінен босатылды, бұл қоғамда резонанс тудырды.

Осы тұрғыдан алғанда судья лауазымына кадрларды іріктеу сот төрелігін қамтамасыз етудегі ең маңызды мәселе болып табылады. Ендеше, өмірлік тәжірибесі мол, сауатты заңгерлерді судья болуға ынталандыруға қалай қол жеткізуге болады? Біздің елде мұндай ұмтылыс жоқ. Дамыған елдерде судьялар ең жоғары жалақы алатын шенеуніктер қатарында. Олардың әлеуметтік пакеті және басқа да артықшылықтары бар. Сондықтан, мұндай елдердегі адвокат үшін судья лауазымына орналасу жоғары мансаптық өсу болып саналады. Соңғы жылдары біздің елімізде судьялардың, әсіресе, облыстық сот пен Жоғарғы Сот судьяларының айлығы айтарлықтай өсті. Алайда, істердің ауқымды бөлігі қаралатын және судья кадрларының ең көп тапшылығы сезілетін аудандық сот судьяларының айлығы әлі төмен. Дегенмен, дәл осы аудандық соттарда судья өмірлік және құқықтық тәжірибе жинақтайды және негізінен облыс-

тық соттар мен Жоғарғы Соттың судьялық кадрлары дәл осы буында қалыптасады. Сондықтан, азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыру үшін мемлекет тарапынан осы буынды нығайтуға дұрыс көңіл бөлінуі керек.

Тағы бір айтып өтерлік мәселе, сот төрелігін қалыпты жүзеге асыру үшін сот процесіне қатысушылардың теңдігі заң жүзінде қамтамасыз етілуі керек, ол үшін адвокаттың дәлелдемелер жинау құқығы туралы норма бекітілгені дұрыс. Қазіргі уақытта қылмыстық қудалау органдарының қызметінде айыптау үкімі басым, айыптау дәлелдерін жоққа шығаратын дәлелдер тергеу тарапынан да, сот тарапынан да қабылданбайды. Сондықтан, ақтау үкімдері өте сирек шығарылады. Елде жеке детективтік агенттікті бекіту туралы заңды қабылдау кезек күттірмейді. Ол үшін ел басшылығының қолдауы қажет. Жақын және алыс шетелдердің кейбір елдерінде мұндай агенттіктер бұрыннан бар және олар өте тиімді жұмыс істейді. Дәл осы институттар дамыған азаматтық қоғамның негізгі белгісі болып табылады.

Президент экономикаға шетелдік инвестицияларды тарту қажет екенін талай рет айтты. Ол үшін арнайы инвестициялық сот құрылды. Дегенмен, инвесторлар экономикаға капитал салудан әлі де қорқады. Мұндағы негізгі себептің бірі сот жүйесінің ашық жұмыс істемеуі мен сыбайлас жемқорлыққа байланысты. Демократиялық мемлекеттердің даму тарихында сот тармағы әрқашан лайықты орын алады және ала да береді. Ал өз кезегінде әр мемлекет соттың дұрыс жұмыс істеуі үшін барлық жағдайды жасайды. Өйткені, сот

бүкіл қоғамды заң мен құқықты құрметтеу рухында тәрбиелейді.

Біз әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріне бірнеше рет барып, олардың сот жүйесімен танысуға мүмкіндік алдық. Егер сот ісін жүргізу мен сот құрылысында алдыңғы қатарлы бастамалар біздің елімізде енгізілер болса, онда әрине, Президенттің өз жолдауында қоғам алдына қойған міндеттері алдымен іске асырылатын еді. Демек, азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау үшін сот реформасы толықтай, жан-жақты жүргізілуі керек.

Осы ретте «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бірлескен комиссия құру маңызды. Отставкадағы судьяларды зейнетақымен қамсыздандырудағы шектеуді заң жүзінде алып тастап, әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету, олардың сот жүйесінің қызметіне қатысуы туралы норманы бекіту керек. Соттардың жұмысын сөзбе-сөз түсіндіру және жеңілдету үшін салалық құқық нормаларын жетілдіру маңызды. Сондай-ақ, «Адвокатура туралы» заңына өзгеріс енгізу, басқа елдердің үлгісі бойынша жеке детективтік агенттік құру туралы мәселені заңнамалық тұрғыдан шешу қажет.

Судьяның отставкаға кету жасын алып тастап немесе 70 жасқа толғаннан кейін отставкаға кету мерзімін белгілеу керек. Бұл сот саласындағы біз назар аударып отырған проблемалардың бір бөлігі ғана. Аталмыш мәселелерді шешу сот қателіктерін азайтады, сыбайлас жемқорлық көрінісінің деңгейін төмендетеді және сот жүйесіне деген сенімді арттырады.

ЖАҢА ЗАҢ БАЛАЛАР МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ



Елімізде балаларға қатысты зорлыққа жазаны күшейтетін заң әзірленді. Бұған әрине, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жолдауында берген тапсырмасы негіз болғаны даусыз.

Онда Президент кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты зорлыққа жазаны күшейту туралы тапсырма берген еді. Жаңа құжаттың жаңалығы көп. Барлығы 4 кодекс, 10 заң жобасына өзгеріс енгізуді көздейтін заң қабылданар болса, кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты зорлық пен қатал қарым-қатынасқа орай тараптардың өзара мәмілеге келуі, бостандықты шектеу (бостандығынан айыру қалады) жойылып, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасағандар өмір бойы түрмеге қамалмақ.

Қасында ересектер болмаса балаларды жолақы төлемегені үшін қоғамдық көліктен түсіруге де тыйым салынады. Жаңа құжаттың өзге де жаңалығы аз емес. Олардың қатарында балаларға барлық күш қолдану, қатал қарым-қатынасқа қарсы шараларды қамтитын, оларды жасаушыларға психологиялық көмек көрсету, қауіпсіздік талаптарын сақтамау, жарақаттау, зорлық көбейіп кеткен балаларға қызмет көрсететін ұйымдарды лицензиялау секілді талаптар бар.

Тоқетерін айтқанда, бұрынғыға қарағанда барынша қатаңдатылған заңның өмірге келер күні алыс емес. Бұл енді соңғы кезде жиілеп кеткен балаларға жасалған зорлыққа орай қолға алынып отырған қадам. Жалпы, Оқу-ағарту министрлігі Білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің мәліметінше, 2022 жылы 719 кәмелетке толмаған жасөспірім жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстың құрбаны болыпты. Бұл әрекеттердің дені яғни, 87-сі Алматы облысында, 70-і Қарағанды облысында, 63-і Түркістан облысында жасалыпты. Одан кейінгі орында Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары тұр. Сонымен қатар, балаларға қарсы жыныстық зорлықтардың қай өңірде болмасын өскені байқалады. Жалпы, 3 жыл ішінде Қазақстанда балаларға жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы 2472 қылмыс жасалған. Бұл ретте 12 мыңнан астам баланы тәрбиелеп отырған 9 мыңға жуық тұрмысы төмен отбасы ішкі істер органдарында есепте тұр.

Жаңа құжат бойынша бұрынғы жиырма жылға дейін бас бостандығын айыру жазасының өмір бойы түрмеге қамалуға ауыстырылуы ондай азғындарға бірден-бір лайық жаза. Нәпсісіне ие бола алмай, балаларға айуандық жасаушыларға еш аяушылық болмауы керек. Бірақ қандай жаза болмасын әділ түрде тергеліп, айып толық дәлелденіп қолданылғанда ғана өз тиімділігін беретіні даусыз. Олай болмаған жағдайда мұндай қатал жазаның құрығына жазықсыз жалалы болғандар ілініп кету қаупі бар. Таяқтың екі ұшы болатынын ұмытпау керек. Өкінішке

қарай, мұның мысалдары баршылық екен. Олай дейтініміз, балалардың жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмысының бәрі нақты болмауы мүмкін. Ол сол балалардың анасының, өзіне ұнамайтын күйеуден, немесе бірге тұрушыдан немесе әжесінің бір қылығымен жақпай қалған күйеу баладан құтылуының амалы болып жататын жағдайлар да кездеседі.

Мұндай сәтте айтқанын екі етпейтін, көп нәрсенің байыбына бара бермейтін балалар оң жамбасына келе кетеді екен. Мұны бүгінде осындай оқиғалармен бетпе-бет келіп жүрген адвокаттар да айтады. Бізге құқық қорғау саласында ұзақ жылдан бері қызмет етіп келе жатқан, Астана қалалық адвокаттар алқасының мүшесі Әлімжан Жұбатхановпен пікірлесудің сәті түскен еді. Ол бірден осындай фактілердің өте көп екендігін ортаға сала келіп, өз тәжірибесінен мысал келтірді. Жұбатқановтың айтуынша, бүгінде 40-тан асқан бір азамат бес жасар қыз баланы зорлады деген айыппен 15 жылға бас бостандығынан айырылыпты. Жазаны тағайындау барысында оның қылмысы толық дәлелденбеген. Тіпті, зардап шегуші тараптың қорғаушысының өзі бұл істі қысқартуды сұраған. Судья оның бұл өтінішін ескеру былай тұрсын, керісінше, оған қарсы қаулы шығарыпты. Ал шын мәнінде зорланды деген қыз баланың берген көрсетілімі шындыққа сай болмаған.

Мемлекеттік сот сараптамасының қорытындысы толыққанды емес. Жұбатқанов айыпталушының өтінішімен істі өз қолына алып, Жоғарғы Соттың қарауына ұсынған кезінде жеке сот сараптамасын қайта жасатып, қыз баланың зорлыққа ұшырамағанын анықтаған. Айыпталушының айтуынша, өзімен келіспей қалған енесі бұдан өш алуы үшін баланы пайдаланған. Алайда аталмыш құзырлы орын бұның ұсынған сот-медициналық сараптамасын назарға алу былай тұрсын, оны қарауды қажет таппай, аудандық сот шешімін өзгеріссіз қалдырыпты.

– Бұл өте қиын жағдай. Еш жазықсыз жан сотталып кете барды. Мұндай баппен барғандар түрмеде адам санатына қосылмайды. Ондағы қыспақтан олар өздеріне

қол жұмсауы мүмкін. Дәл осындай жағдайдың көптігін әріптестерім де үнемі айтады. Өкінішке қарай, тергеушілер де, судьялар да істі қарау барысында көп олқылыққа жол береді. Бұған адвокаттардың біліксіздігінен бастап, тергеушілердің, судьялардың немқұрайдылығы, кейде қоғам тарапынан болатын қысымға қарсы тұра алмайтыны, сонымен қатар, өздерінен жоғары тұрған құзырлы ұйымға тәуелділігі себеп болып жатады. Жаламен сотталғандар қандай бұлтартпас дәлелдер ұсынып тұрса да, ақталмайды. Себебі, қабылданған шешімдердің бұзылуы тергеушіден бастап, судьяның жұмысының көрсеткішін төмендетеді.

Жалпы, бізде прокурордың айыптау актісі деген талай адамның кінәсінің толық дәлелденбей, көп жағдайда жазықсыз жалалы болуына себеп болып жатады. Көрсеткіштен бұрын адам тағдыры, заңдылықтың үстемдігі, оның әділ қолданылуы бірінші кезекте тұруы керек. Жыныстық зорлыққа қарсы қылмыстарға қатысты өзгерістер талай жазықсыз жанның өміріне балта шабуы мүмкін. Өйткені, балалар көбіне үлкендердің айтқанынан шыға алмайды. Олардан

нақты жағдай туралы дерек алу өте қиын. Сондықтан, аталмыш шараны қабылдауда асығыстық жасамағанымыз жөн, – деген еді адвокат.

Заңгердің бұл сөзі мәселеге кең ауқымда қарау қажет екендігін көрсетеді. Расында өмір болған соң әртүрлі пиғылдағы адамдардың бары шындық. Өртенген көршінің қорасын сөндірудің орнына, оған бас үйітіп алғысы келетіндердің аз еместігін естіп те, көріп те жүрміз. Сол секілді, қоғамды алаңдатқан бұл мәселені өзінің жеке басының пайдасына асырғысы келетіндердің болмай тұрмайтындығына біз келтірген бір ғана мысал дәлел. Сондықтан жазалаймыз деп жазықсызды жалалы етіп алып жүрмейік. Егер олай болса, бұл қоғамдағы әділеттілікке, заңның үстемдігіне деген сенімсіздік тереңдей түсері анық. Ал, оның арты елдің қауіпсіздігіне, болшағына төнетін қауіп. Ендеше, аталмыш заң жобасын қарауда мұндай істердің тіркелуінен бастап, қаралуы, түбегейлі шешімнің шығуының жүйелілігін, әділдігін қамтамасыз ету негізгі нысана болу керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАЗАСЫ КҮШЕЙТІЛДІ



Тұрмыстық зорлық-зомбылық адам құқықтарын бұзудың ең көп тараған түрлерінің бірі болып табылады. Жыл сайын мыңдаған әйел мен балалар отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болады. Бұл проблема мемлекет пен жалпы қоғам тарапынан елеулі назар аударуды талап етеді.

Қазақстан соттары тұрмыстық зорлық-зомбылық жәбірленушісіне физикалық немесе психикалық азап шеккені үшін жауапкершілікті белгілейтін заңнаманы ескере отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы істерді қарайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар

жасағаны үшін жазалар келтірілген зиянның ауырлығына, сондай-ақ, балаға немесе жүкті әйелге қатысты зорлық-зомбылық жасалғанына байланысты күшейтілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 121-бабына сәйкес жақын адамдарға, сондай-ақ, бұрынғы жұбайлары-

на немесе жұбайларына қатысты физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық жолымен жеке адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіру, қадір-қасиетін қасақана қорлау қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Мұндай қылмыс үшін айыппұл, қоғамдық жұмыстар, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы мүмкін. Егер денсаулыққа келтірілген зиян ауыр болса, онда жаза он жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін күшейтілуі мүмкін. Егер жүкті әйелге немесе балаға қатысты зорлық-зомбылық жасалса, онда жаза он бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады.

Бұдан басқа, Қазақстан заңнамасы тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653-бабына сәйкес жақын адамдарға, сондай-ақ, бұрынғы жұбайларға немесе жұбайларға қатысты күш қолдану биылға дейін оннан жиырма АЕК-ке дейінгі мөлшерде әкімшілік айыппұл салуды көздеді (АЕК-ең төменгі еңбекақы мөлшері).

Осы жылғы 1 шілдеден бастап тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін заңнамаға түзетулер күшіне енді. Бұл ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылғы жолдауында «дебоширлердің жазасыздығы олардың қолдарын шешіп, құрбандарын іс жүзінде қорғансыз қалдырады» деген пәрменінен кейін іске асты. Ашық деректерге сүйенсек, соңғы екі жарым жылда үй агрессорлары 300 кісі өліміне, 878 ауыр және 808 орташа денсаулыққа зиян келтіру жол берген. Осы саладағы құқық бұзушылықтар үшін 37 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Осы жылдар ішінде полицияның тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралары жеткіліксіз болды, Заң отбасындағы зорлық-зомбылық жасаушыларды қатаң жазалауға мүмкіндік бермеді. Бірақ, қазір жағдай жақсы жаққа өзгеруі керек.

2023 жылғы 20 сәуірде Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс

пен Қылмыстық кодекске тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін түзетулер қабылданды. Мұндағы негізгі жаңалық – енді хаттама жасау үшін зорлық-зомбылық құрбанының мәлімдемесі міндетті емес, куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен DVR жазбалары жеткілікті болады және сот түпкілікті шешім қабылдайды.

Көптеген себепке байланысты полиция шақырылғаннан кейін тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер агрессорларға арыз жазудан бас тартады, олар өз әрекеттері үшін ешқандай жаза алмай, оңай құтылатын еді. Елімізде 2022 жылы осындай 70 мыңнан астам жағдай тіркелген. Ең қауіптісі, көбінесе полиция кеткеннен кейін жанжал күшейіп, одан да ауыр зардаптарға әкеледі. Енді тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы кез-келген сигнал құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалмайды. Сонымен қатар, жаңа ережелерге сәйкес, сотта құқық бұзушының тек бір рет татуласу мүмкіндігі болады. Отбасылық жанжал үшін агрессорға ескертіледі немесе бес тәулікке қамалады, ал заңсыз әрекеттер қайталанған жағдайда ол он тәулік қамауға алынады. Ұрып-соғу үшін қамауға алудың он тәулігі, қайталанған жағдайда – жиырма тәулік көзделген. Денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін он бес тәулік қамауға алу, осындай құқыққа қайшы әрекеттерді қайталағаны үшін жиырма бес тәулікке қамауға алу көзделген.

Бұрын соттар көбінесе екі-бес күнге қамауға алу туралы шешім шығарды. он он бес тәуліктің максималды мерзімі дебоширге сирек тағайындалды. Енді Әкімшілік кодексте әкімшілік қамауға алуға қатысты тиісті баптардан мұндай мүмкіндік алынып тасталды, яғни, соттар агрессорларға бұдан былай қысқа мерзім бере алмайды.

Қамауға алу мерзімдерін арттырудан басқа, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қоғамдық жұмыстарды тағайындау мәселесі пысықталып жатыр. Осы жаңалықтардың ең бастысы, отбасында зорлық-зомбылық жасайтын азаматтардың әрбір әрекеті полицияның тиісті жауаптарына әкеледі.

Жауапкершілікті қатаңдату алдын алу шаралары күшейтілген жағдайда әлдеқайда тиімді болады. Бұл туралы Президент осы жылдың 30 маусымында өткен ІІМ алқасының отырысында айтты.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару қажет. Мұнда басты рөл учаскелік полиция инспекторларына беріледі. Тәжірибе көрсеткендей, уақтылы шаралар қабылдау кезінде отбасылық және тұрмыстық қақтығыстар негізінде жасалған қылмыстардың көпшілігін болдырмауға, яғни, адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға болады. Ақыр соңында, біздің қоғамның моральдық жағдайы осыған байланысты. Қоғам сізден отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиімді және жоспарлы жұмыс күтеді» деді Мемлекет басшысы.

Заңнамаға өзгерістер енгізумен және отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық қорғау органдарының жұмысын күшейтумен қатар, мемлекет агрессорлардың әрекеттерінен зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша шаралар қабылдап жатқаны маңызды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жылғы 29 маусымдағы бұйрығымен «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын» бекітті.

Стандарт тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына уақытша тәулік бойы (алты айға дейінгі мерзімге) немесе күндізгі (күніне екі сағаттан алты сағатқа дейін) болуға арналған мемлекеттік және жеке меншік нысанындағы уақытша болу және тұру ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің сапасына, көлеміне және шарттарына қойылатын талаптарды белгілейді.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің бірнеше түрі көзделген. Атап айтсақ, әлеуметтік-тұрмыстық (тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қабылдау және орналастыру, барлық қажетті заттарды, қызметтерді және тамақтануды ұсына отырып); әлеуметтік-медициналық (алғашқы меди-

циналық тексеру, маманға жолдау, қажет болған жағдайда дәрі-дәрмекпен және емдеумен қамтамасыз етуге жәрдемдесу); әлеуметтік-психологиялық (психодиагностика, психологиялық консультациялар); әлеуметтік-педагогикалық (білім алуға жәрдемдесу); әлеуметтік-еңбек (кәсіптік бағдарлауға және кеңес беруге, қолжетімді кәсіптер мен практикалық дағдыларды оқытуға жәрдемдесу); әлеуметтік-мәдени (мәдени және бос уақыт іс-шараларына тарту); әлеуметтік-экономикалық (тиісті жеңілдіктер, жәрдемақылар, өтемақылар алуға жәрдемдесу); әлеуметтік-құқықтық (заңгерлік консультациялар, құжаттарды ресімдеуге көмек және т. б.).

Бюджет қаражаты есебінен уақытша болу және тұру ұйымында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қабылдау аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар уәкілетті органдарының, денсаулық сақтау, ішкі істер саласындағы уәкілетті органдардың көрсетілетін қызметтерді алушының нақты орналасқан жері бойынша жолдамасы негізінде де, уақытша болу ұйымына тікелей жүгінген адамның жеке өтініші бойынша да жүзеге асырылады.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді және қосымша көлемін ұсынуға жауапты. Осы қызметтерді көрсету стандарттары, оларды ұсыну тәртібі, сондай-ақ, қиын өмірлік жағдайдағы адамдардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасындағы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 29.12.2008 жылғы № 114-IV заңда айқындалған. Бұл қызметтерді алу ресми талаптар мен шарттарға байланысты қиын болуы мүмкін. Өмірлік қиын жағдайдағы адамдар тұрғылықты жері бойынша жазбаша өтініш беру арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге, қызметтердің кепілдік берілген және немесе қосымша көлемі үшін-аудандардың немесе облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына, ақылы қызметтер үшін-тиісті ұйымдарға жүгіне алады. Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар өтініш арқылы өтініш бере

алады. Олардың қатарында отбасының ересек мүшесі, қорғаншы немесе қамқоршы, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхат бойынша әрекет ететін тұлғалар бар. Адамға зорлық-зомбылық немесе оның әлеуметтік бейімделмеу немесе әлеуметтік депривация қаупі төнген жағдайларда арнаулы әлеуметтік қызметтер тұрғылықты жеріне қарамастан ұсынылады. Заңның 6-бабына сәйкес адам өмірлік қиын жағдайда деп танылуы керек.

Мұны растау үшін адам:

1) қажеттілікті айқындау және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім қабылдау үшін толық және анық ақпарат беруге міндетті;

2) осы қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау процесіне кедергі келтірмеуге;

3) қызмет көрсететін ұйымдарды қызмет көрсетуге әсер ететін кез келген өзгерістер туралы уақтылы хабардар етуге міндетті. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну әлеуметтік қызметкер жүргізетін оларға қажеттілікті бағалау және айқындау негізінде жүзеге асырылады.

Қажеттілікті бағалау және анықтау критерийлері:

1) тіршілік әрекетін шектеу;

2) әлеуметтік бейімсіздік;

3) әлеуметтік депривация;

4) қолайсыз әлеуметтік орта.

Әлеуметтік қызметкер аудандардың немесе облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының тапсырмасы бойынша адамнан өтініш алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қажеттілікті бағалауды және айқындауды жүргізеді. Осы бағалау мен анықтаманың негізінде әлеуметтік қызметкер қызмет түрін, алушының санатын, қызмет көрсету орнын және қызмет көрсету ұзақтығын көрсететін қорытынды жасайды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кешенді шаралар міндетті түрде өз тиімділігін көрсетеді.

Отбасындағы ұрып-соғу мен зорлық-зомбылықтың әрбір жағдайының артында біздің азаматтардың, оның ішінде балалардың өмірі, физикалық және психологиялық денсаулығы тұр. Олардың көпшілігі агрессорлардың уақтылы тұтқындалуын және жанжал мен жеңіл соққылар үшін жазаның еріксіздігін құтқара алады деп елестетіп көріңіз. Отбасы мүшелері тарапынан зорлық-зомбылық әрекеттерінің салдарынан әйелдер қаза тапқан соңғы қайғылы оқиғалар баршамызға белгілі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту – бұл проблемамен күресудегі маңызды қадам. Алайда, көп жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары зорлаушының кек алуынан қорқып немесе сот төрелігі жүйесіне сенімсіздік салдарынан құқық қорғау органдарынан көмек сұрамайтынын ескеру қажет. Сондықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатудан басқа, бұл құбылыстың алдын алу және алдын алу бойынша жұмыс жүргізу қажет. Қазақстанда бұл мәселемен айналысатын мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар бар. Олар зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетеді, құқықтық мәселелер бойынша кеңес береді және көмек көрсетеді, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі туралы халықтың хабардарлығын арттыру үшін білім беру іс-шараларын жүргізеді.

Қорытындылай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылық Қазақстанда мемлекет пен қоғам тарапынан назар мен күш-жігерді талап ететін күрделі мәселе болып табылады. Бұл қылмыс үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті қатаңдату – бұл онымен күрестегі маңызды қадам, бірақ ең маңыздысы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізу қажет. Себептермен күресе отырып, ауыр салдарды болдырмау біздің ортақ міндетіміз.

**Алмагүл ЕРГАЗИЕВА,
Атырау қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
сотының судьясы**

ЖАСӨСПІРІМДЕР СОТЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ



Бүгінде еліміздің сот жүйесі толығымен жаңғырту кезеңін бастан өткізді. Сот төрелігін ізгілендіру бағытында жасалған батыл қадамдар бұл күндері жемісін беріп келеді. Соның ішінде, соттарды мамандандыру сот төрелегін сапалы, тиімді әрі жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

Мемлекетімізде жасөспірімдерге қатысты істерді қарайтын ювеналдық соттардың бой көтеруі отбасылық құндылықты нығай-

тып, балалар құқығын сапалы қорғауға бағытталған еді. Аталған соттың өз жұмысын бастауы Қазақстанда ювеналдық әділет

жүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам саналады. 2007 жылдан бастап тәжірибеге енгізілген ювеналдық соттар әр жыл сайын балалардың құқығын қорғауда тиімділігі мен маңыздылығын дәлелдей түскендей. Себебі, елімізде балалар құқығын қорғауға қатысты бірыңғай сот тәжірибесі қалыптасып үлгерді десек қателеспейміз.

Бүгінгі таңда ювеналды соттарда арнайы балалар бөлмесі жасақталып, дауларды бейбіт келісімге келу арқылы шешу үшін медиация кабинеті ашылған. Сондай-ақ, әркез «Әрбір бала отбасында өмір сүруі керек» деген мемлекеттік саяси принципті ұстанған Маңғыстау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында ағымдағы жылы «Отбасын қолдау» және «Татуласу» кабинеттері ашылды. Қос кабинет балаларға арналған түрлі кітап, ойыншық, техника, жайлы жиһазбен жабдықталып, психологтарға баламен жұмыс жасауға қолайлы жағдай жасалған.

Тағы бір айта кетерлігі, осы жылдан бастап ювеналды соттардың құзыреті кеңейтілді. 2023 жылғы 27 наурызда ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, балалардың мүдделеріне қатысты заңдардың жекелеген ережелері нақтыланып, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құзыретіне азаматтық істердің кейбір санаттары берілді.

Атап айтсақ, биылғы 1 қыркүйектен бастап ювеналды соттар кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу (кәмелетке толмаған балалар болған кезде), алименттердің мөлшерін өзгерту, кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алимент төлеуден, алименттер бойынша берешекті төлеуден босату, кәмелетке толмағандардың

мұрагерлік құқықтарын қорғау, Қазақстанға заңсыз алып келген немесе Қазақстанда ұсталып отырған баланы кері қайтару туралы немесе Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттың негізінде осындай балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы және басқа да істерді қарауда.

Осы уақытқа дейін ерлі-зайыптылар некені бұзу үшін азаматтық сотқа жүгінсе, алимент тағайындау, баланың тұрғылықты жерін анықтау бойынша талап қоюды ювеналдық соттарға жолдап әлекке түсетін. Енді жоғарыда енгізілген түзетуге сәйкес, мұндай істердің бәрі кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құзырына беріліп отыр. Мұндай жаңашылдық тараптардың уақытын үнемдеп, оларды әуре-сарсаңнан құтқармақ.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істер кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, баланың тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) сотта қаралуы мүмкін немесе оған берілуі мүмкін. Қорыта айтсақ, елімізде бала құқығы, отбасы бірлігі, шаңырақ шаттығы – басты құндылық саналады. Сондықтан, кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды көздейтін ювеналды соттың құзыретін кеңейту бағытында қолға алынған жаңашылдық сот төрелігінің сапасы мен қоғамның соттарға деген сенімін арттыратынына сенім мол.

**Жаңылхан ЖУСУПОВА,
Маңғыстау облысы кәмелетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы**

ТЕРГЕУ СОТТАРЫ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫН САҚТАУДЫҢ КЕПІЛІ

Заң үстемдігін орнату мемлекетіміздің басым бағыттарының бірі. Бұл ретте мамандандырылған тергеу соттарының ролі зор. Себебі, тергеу соттары сотқа дейінгі іс жүргізуде адам құқығы мен бостандығын мінсіз сақтаудың, сондай-ақ, қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі. Тергеу судьясының соттық бақылауы тергеу барысындағы құқықбұзушылықтың алдын алуымен маңызды.



Сондықтан, тергеу судьяларының негізгі міндеті азаматтарды заңсыз және негізсіз шектеуден қорғап, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру болып табылады. Мәселен, тінту адамның жеке басы мен қадір-қасиетіне тиіспеушілік құқықтарын қозғайды, осы себепті, мұндай әрекет тергеу сотының санкциясымен ғана жүзеге асырылады. Әркімнің жеке бас бостандығына құқығы барлығы, заңмен көзделген жағдайда адамды тек соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болатыны Конституциямен нақтыланған.

Қылмыстық сот өндірісіне дейінгі сатыда заңбұзушылықтарға жол берілетіні жасырын емес. Бұл ретте құзырлы қызметкерлер тарапынан орын алатын арандатушылық,

сондай-ақ, құқықты бұзу арқылы алынған дәлелдемелерді қолдану, заңсыз әдістермен анықтау сияқты әрекеттерді атауға болады. Мұндай заңсыздықтарды болдырмауда тергеу соттары құқық қорғау органдарының қызмет сапасының жақсаруына айтарлықтай ықпал етуде.

Тергеу соттары прокуратура және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері мен әрекетсіздігін, шешімдерін саралап, қылмыстық процеске қатысушылардың шағымдарын қарайды. Әрі олар күзетпен ұстау, ұйқамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шараларына санкция беріп, тергеу әрекеттері мен мәжбүрлеу шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін санкциялайды.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тек-

серуді жүзеге асыратын органнан қаралатын мәселе бойынша қосымша мәліметтерді талап ете, барлық материалмен таныса, процеске қатысушыларды сотқа шақырта алады. Осыған орай, азаматтар тергеу соты арқылы шағымданып, өз құқықтарын қорғай алады. Мұндай шағымды тергеу судьясы үш күнде сот отырысын өткізбей жалғыз қарайды. Егер заңды шешім қабылдауда маңызы бар мән-жайлар тексерілу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он күн ішінде соттың жабық отырысында тиісті адамдардың қатысуымен қарайды.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат материалдар сотқа түскен соң сегіз сағаттан кешіктірмей прокурор, күдікті, айыпталушының және оның қорғаушысының қатысуымен қаралады. Қорғаушы іс материалдарымен таныстырылады. Сот отырысына заңды өкіл мен өкіл қатысуға құқылы.

Тергеу судьясы санкция беруді шешу барысында көрсетілген бұлтартпау шарасын таңдау кезінде ескерілетін мән-жайларға қатысты іс материалдарын мұқият зерттеп, адамға қылмыс жасағаны туралы күдік келтірудің негізділігін тексереді, қажет болса қылмыстық істі алдыртады. Тергеу соттарының судьялары қылмыстық іздестіру органдары мен қорғау тарапынан түскен материал, өтінішті қарап, шешім шығарады. Бұл тұрғыда оның өкілеттігі Қылмыстық-процестік кодекстің 55-бабымен айқындалған. Осы бапты түсіндіріп өтсек, тергеу судьясының құзыретіне күзетпен ұстау, ұйқамақ, қызметтік лауазымнан уақытша шеттету, жақындауға тыйым салу, экстрадициялық қамақ, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізіп, олардың мерзімдерін ұзарту, кепіл қолдану, мүлікке тыйым салу, қарап-тексеру, тінту, алу, жеке тінту, т.б. санкциялар кіреді.

Сонымен бірге ол күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған жанның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру, мәйітті

эксгумациялау, күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау, т.б. заңмен көзделген мәселелерді қарайды. Қылмыстық процестік кодекс талабына сай, прокурордың өтінішхатымен жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады.

Аталған кодекспен тергеу судьясының өкілеттіктерін жүзеге асырудың жалпы шарттары белгіленген. Осыған орай тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарауға құқылы. Заңды әрі негізді шешім шығару үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тиісті тұлғалар, прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы қаулы шығарылады. Тағы бір жайт, ҚПК 55-бабы 1-бөлігінің 1), 2), 5) және 6), сондай-ақ, 2-бөлігінің 2) және 3) тармақтарын қарауда сот отырысын өткізу міндетті. Егер күдікті өзіне азаптау және басқа да заңсыз әрекеттер қолданылғаны жайлы арызданса немесе онда күш қолданудың іздері болса, тергеу судьясы қадағалаушы прокурорға фактілерді тез арада тексеруді тапсырады.

Тергеу соты елімізде қылмыстық процестің халықаралық стандарттарға сай болуына, сонымен қатар, азаматтардың мүдделерін қорғау, шағымдары мен шешімдерді ашық түрде талқылауға жол ашты. Бүгінде тергеу судьясының жеке қаулысы бойынша қылмыстық іздестіру және прокуратура органдарының лауазымды қызметкерлерін жауапкершілікке тарту тәжірибесі нық қалыптасты. Тергеу судьясының қаулысына заңға сәйкес шағым келтірілсе, ол прокурордың өтінішхатының негізінде қайта қаралуы мүмкін. Тағы бір айтып өтерлігі, тергеу соттары қорғау тарапының мүмкіншілігін молайтқанын адвокаттар растайды. Олар бүгінде керекті құжаттары мен мәліметтерін сот арқылы сұратып алуға қол жеткізді. Бұрынғыдай әуре-сарсаңға түспейді.

Сот-құқықтық жүйенің ең басты нәтижесі азаматтардың өз құқықтарын қорғауда соттарға жүгінуі өркениетті қоғамға ғана тән құбылыс десек, бұл тұрғыда тергеу судьясына жүктелер жауапкершілік жүгі қашан да ауыр болмақ.

Дария ЖОЛБОЛДИЕВА,

**Мойынқұм аудандық сотының судьясы
Жамбыл облысы**

Санғылбай АХАТАЕВ, Түркістан облысы Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімі филиалының аға сот орындаушысы:

«ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕСКЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ»

– Санғылбай Махатұлы, мемлекет кепілдік берген заң көмегі жайлы айта отырсаңыз. Азаматтар қандай заң көмектеріне жүгіне алады?

– Елімізде сөз бостандығы, ой-еркіндігімен бірге адамдардың заңды құқықтары да қорғалған. Барлық іс-әрекет белгілі бір заңға, тәртіпке бағынады. Ал оны іске асыратын арнайы органдар бар. Осы ретте мемлекет елімізде заң үстемдігін күшейтуге, әділеттілікті бекемдеуге барынша күш салуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет екенін атап өткен болатын.

Кентау қаласына қарасты аудан тұрғындарының заң тұрғысынан тегін көмек алуына мүмкіндік беріп жүрген мекеменің бірі – Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлім филиалы.



– Қарапайым халық көбіне қандай заңдық көмектерге мұқтаж?

– Қаңтар оқиғасынан кейін құқықтық көмекке зәру болған қарапайым халықтың ең көп жүгінгені – адвокаттық қызмет. Осы

оқиғалар кезінде, әсіресе тегін қызмет көрсететін адвокатқа сұраныс артқаны анық. Қазақстанда қазіргі таңда 5700-ден аса адвокат бар болса, соның ішінде Кентау қаласына қарасты 10 адвокат және 1 жеке дара адвокат қызмет жасауда.

– Олардың қаншасы мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы бойынша жұмыс істейді? Тәуелсіз адвокатура құрудың алғышарты қандай?

– Бүгінгі таңда қоғамымызда адвокаттың ақысыз қызмет көрсететінін біреу біліп жатса, екінші адамның одан мүлдем хабары жоқ болуы мүмкін. Себебі, орын алған істі тез шешудің жолы ретінде ақылы адвокаттың қызметіне жүгіну қажет деп түсінеді. Қазақстанда тұрып жатқан әрбір азаматтың білікті адвокат көмегін алуға құқығы бар. Осыған орай Кентау қаласына қарасты ауылдар мен елді мекендерді аралап тұрғындарға заң аясында кеңестер беріп келеміз. Жыл басынан бері Қарнақ, Байылдыр, Хантағы ауыл тұрғындарын жеке қабылдап, адвокаттың тегін көмек беретінін түсіндірдік. Жылдың соңына дейін Созақ ауылының тұрғындарымен кездесіп, олардың да көкейлерінде жүрген сұрақтарының шешімін табуына жол сілтейміз деген сенімдемін.

Ұлттық құқықты дамытудың басты бағыты ҚР Конституциясының құқықтық идеяларын іске асыру. Заңмен көзделген жағдайларда, заң көмегі тегін көрсетіледі. 2018 жылдың 5 шілдесінде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңы қабылданғаны белгілі.

– Адвокаттық және нотариаттық қызмет көрсетушілерге қандай талаптар қойылады?

– Бүгінгі таңда «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 26-бабын халық арасында насихаттау қарқынды жүріп жатыр. Жыл басынан бастап ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлім филиалының қызметкерлері аумақтық адвокаттар, заң кеңесшісі, нотариустар және жеке сот орындаушылармен бірге Кентау

қаласы және оған қарасты ауылдық округтердің, аудандардың жергілікті тұрғындары арасында іс-шара ұйымдастырылып, әрбір азаматтың көкейінде жүрген сұрақтарына заңға сәйкес жауап берілді. Сонымен қатар, адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына сәйкес әзірленген жадынамаларды таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Бұл іс-шаралар әлі де жалғасын тауып келеді.

– Құқықтық көмек пилоттық жобасы жайлы не айтасыз?

– «Құқықтық көмек» жобасы аясында қала және қалаға қарасты ауыл тұрғындары тәжірибелі заңгерлер мен білікті мамандардан кеңес ала алады. Әділет департаментінің өкілдері бастаған заң қызметкерлері, халықтың мәселелеріне назар аударып, оларға нақты бағыттарды нұсқап берді. Сондай-ақ, «АМАНАТ» партиясының жанынан құрылған «Құқықтық көмек» жобасы қазақстандықтарға тегін заңгерлік көмек көрсетуде. Партия өкілдері заң ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеу үшін арнайы меморандумға қол қойған болатын. Жоба аясында көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған адамдарға, сондай-ақ алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау мәселелері бойынша жүгінуге болады. Азаматтарға білікті мамандар заң аясында көмек көрсетеді. Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды құру жолында адам құқықтары мәселесіне баса мән беріп отырғанын атап өткен жөн. Осы мақсатта Конституциялық сот құрылып, Бас прокуратура мен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Халық арасында құқықтық мәселелер өте өзекті. Соған байланысты, өңірде тұрғындардың құқығын қорғайтын «Құқықтық көмек» партиялық жобасы пилоттық режимде жұмыс жасауда.

Қазіргі таңда азаматтардың құқықтық қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында шалғайдағы ауыл тұрғындарын жаңа партиялық жоба аясында заңгер-

лер ауыл-ауылды аралап, халыққа арнайы құқықтық көмек көрсетуде. Әділдік пен заңның үстемдік құруы осындай нақты істерден басталады. Тұрғындарға қаржы және құқықтық мәселелер бойынша түрлі кеңестер де беріліп келеді.

Бүгінгі күні азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін адвокаттар мен заң консультанттар қорғай алады.

Адвокат көмек сұрап, өтініш жасаған тұлғаға кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы. Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құзыретіне тиісті мәселелерді шешуге кіретін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғауға және білдіруге, барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұрауға және алуға құқылы.

– Заң консультанттарына да түсінік бере кетсеңіз. Олар көпшілікке қандай қызмет көрсетеді?

– Жоғары заңдық білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, Заң консультанттары палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға заң консультанты бола алады.

Заң консультанттарына қойылатын талаптар «Өзін-өзі реттеу туралы» заңда айқындалады. Сонымен қатар, Заң консультанттары палатасының мүшесі ҚР Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, палата жарғысының, қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін осы заңға, Қазақстан заңдарына, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарына сәйкес жауапты болады.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін мемлекеттік органдар «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңда белгіленген тәртіппен, адвокаттар, заң консультанттары «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңда

белгіленген тәртіппен, нотариустар «Нотариат туралы» заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен, жеке сот орындаушылар «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, әлеуметтік маңызы бар істер санатын орындау кезінде өтеусіз көрсетеді.

– Мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін алуға болатын азаматтар жайлы таратып айтып берсеңіз.

– Құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың да құқығы бар. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес, құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғаларды атап өтер болсақ – алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға;

мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандарға;

асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын, кәсіпкерлік қызметпен

байланысты емес мәселелер бойынша жеке тұлғаларға;

кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға;

кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық кірістері облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдарға (отбасыларға) осы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Ал соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі:

Қазақстанның әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамға;

ҚР азаматтық процестік заңнамасына сәйкес талап қоюшыға не жауапкерге және ҚР әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға;

ҚР қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге осы заңда және Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар, мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүд-

делерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандар және асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғалар Қазақстан аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін тұрғылықты жеріне және тұрған жеріне қарамастан алуға құқылы. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның мүддесіне орай оның өкілі заңдарда белгіленген тәртіппен осындай көмек көрсету туралы өтінішхатпен жүгіне алады.

Ал, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы өтінішпен жүгінген тұлға өзінің құқығын растайтын құжаттарды ұсынуға, заң көмегін көрсету шарттарына ықпал ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақытылы хабар беруге, заң көмегін көрсету қажеттігіне негіз болатын ақпараттың анықтығын қамтамасыз етуге міндетті. Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға құқықтық көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатынын айта кету керек. Бұл ретте, азаматтарға құқықтық көмек көрсету құралдарының бірі өтеусіз негізде көрсетілетін құқықтық заң көмегі сондай-ақ, еліміздің азаматтарын құқықтық қолдаудың пәрменді әдістерінің бірі. Өз құқығыңызды қорғау үшін ең алдымен заңгерлердің кеңесіне жүгініңіз.

– Әңгімеңізге рақмет.

**Сұхбаттасқан
Раушан НАРБЕК**

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР ЖАЗАСЫ ҚАЙТА САРАЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ



«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегендей, бүгінгі нарықтық экономика ақшаның адам өміріндегі рөлін ерекшелеп қойды. Сондықтан, болар, қазіргі іскер адамдар пайда табудың оңай жолын іздеуде және заңсыз кәсіпкерлік, салықтан жалтару сияқты әртүрлі қылмыс түрлерінің саны көбейіп келеді.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар ҚР Қылмыстық кодексінің 8-тарауында көрсетілген, олардың ішінде қазіргі таңда қоғамда жиі орын алатындары: заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет (214-бап) істері бойынша жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (216-бап), қаржылық пирамиданы құру және оған басшылық ету (217-бап), ұйымдарға салынатын салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару (245-бап) жиі кездеседі.

Экономикалық қылмыстар көп салалы нормаларды қамтиды. Мысалы, заңсыз кәсіпкерлік туралы қылмыстық істерді қараған кезде алдымен кәсіпкерлік ұғымын анықтау үшін бірнеше саладағы заң нормаларын зерделеу қажет болады. Азаматтық кодекстің 10-бабының 1-тармағына және Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабының 1-тармағына сәйкес, азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату жұмыстарын орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жекеменшік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашыл қызметі – кәсіпкерлік болып табылады.

Кәсіпкерлік кодекстің 35-бабының 2-тармағына сәйкес, жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті, бірақ, ол тіркелмеген және бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе акцизделетін тауарларды едәуір мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасқан жағдайларда тіркеу белгісінің болмауы бойынша заңсыз кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауаптылық басталады. Алайда, Салық кодексінің 774-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар дара кәсіпкерлер ретінде тіркелуге

жатпайды, сондықтан, олар Қылмыстық кодекстің 214-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Адамның әрекеттерінде кәсіпкерлік, банктік және тағы басқа қызметті осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз не ҚР рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру белгілерінің болуы туралы мәселені шешу кезінде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңда қызметтің немесе әрекеттердің (операциялар) түрлері айқындалғанын, оларды жүзеге асыру үшін рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі көрсетілгенін назарға алған жөн. Хабарлама жасау тәртібі қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлғаның осы тәртіп туралы хабарлама қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды хабардар ету міндетіне негізделеді. Сондықтан, рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі қызмет немесе іс-әрекеттер басталғанға дейін сақталуы тиіс, кейіннен рұқсатты алу немесе хабарламаны жүзеге асыру адамды ҚК-нің 214-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатпайды.

Осы жерде ескеретін жайт, рұқсат беруші орган оларды беруді кешіктірсе немесе лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы талаптарын орындамаған жағдайда ҚК-нің 214-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Экономикалық қылмыстардың келесі түрі ҚК-нің 216-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылық, оның объективтік жағы азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген мүлдік пайда алу мақсатында нақты жұмыс жасамай, қызмет көрсетпестен, тауарларды тиіп-түсірместен шот-фактураны ресімдеу актілерін жасау болып танылады. Сондықтан, істі қарау кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісінің жұмыстарды іс жүзінде орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей шот-фактураларды жазып бергені нақты дәлелденуі және жеке кәсіпкерлік субъектісінің тиісті активтердің, ғимараттардың, көлік құралдарының меншік құқығында немесе жалға алу негізінде және

басқа негіздермен, материалдық және еңбек ресурстарымен, оларсыз жұмыс істеу және қызмет көрсету мүмкін емес екендігінің дәлелдерін зерделеу жүргізілуі тиіс.

Сондай-ақ, тауардың өндірілгенін немесе үшінші тұлғалардан сатып алынғанын, тауарды сатып алғаны және өткізгені үшін төлемақы жүргізу, тасымалдау шығындарын растайтын құжаттарды зерттеген жөн. Жеке кәсіпкерлік субъектілері Қылмыстық кодекстің 216-бабында көзделген қылмыс субъектісі болып табылады, оларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар, резидент еместер, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғаларды басқару функцияларын орындайтын адамдар жатады. Ал жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын және ҚК-нің 216-бабында көзделген әрекетті жасауға қатысқан адам тиісінше оны ұйымдастырушы, айдап салушы не көмектесуші ретінде қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Бір тұлғаның бір контрагентке қатысты іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей бірнеше шот-фактура жазып беруі бірыңғай пиғылмен қамтылуда бір ниетпен жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық болып танылады. Бірыңғай пиғылмен байланысты емес екі немесе одан да көп әрекеттерді жасаудағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бірнеше рет жасалған болып саналады және ҚК-нің 216-бабы екінші бөлігінің 1-тармағымен саралануға тиіс.

Бірнеше жалған шот-фактураларды әртүрлі контрагенттерге жазып берген және қылмыстық қудалау органы осы әрекеттермен бірге жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралаған кезде, соттар кінәлі адамның әрекетінде бірыңғай пиғылдың болған-болмағанын тексеруі тиіс. Егер көрсетілген әрекеттердің жасалуы бірыңғай пиғылмен байланысты болмай және бірнеше ретті құраса, онда әрбір контрагентке қатысты залалдың сомасы ҚК-нің 3-бабының 38-тармағында көрсетілген мөлшерге жетпесе, сотталушының әрекеттері әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралануға жатады.

Экономикалық қызмет саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға жаза тағайындау кезінде біршама жеңілдіктер көрсетіледі. Атап айтқанда, ҚК-нің 55-бабына сәйкес осы кодекстің 218, 218-1, 248 және 249-баптарында көзделгендерді қоспағанда, қылмыспен келтірілген мүліктік залалды адам өз еркімен өтеген жағдайда, бас бостандығынан айыру тағайындалмайды. Сондай-ақ, бас бостандығынан айыруға сотталғанның өзінде олар жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтейді. Қорыта айтқанда, экономикалық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бұл жеңілдіктерді бүгінде қайта қарау қажет деген пікір туындайды.

**СТАШИМБАЕВ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының
судьясы**

СУДЬЯЛАРДЫҢ X СПАРТАКИАДАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Судьялар одағының дәтсүрлі түрде өтетін X спартакиадасының финалдық ойындары қорытындыланды. Бұған дейін спорттың 8 түрін қамтыған спартакиаданың іріктеу кезеңдері Алматы, Қарағанды, Атырау мен Қостанай қалаларында өткен болатын.

Дәстүрлі шараға ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Асланбек Мерғалиев, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, ҚР Судьялар Одағының төрағасы Сәкен Абдолла,

сондай-ақ, облыстық соттар төрағалары мен өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті халық пен қонақтар қатысты.

Адамның дені сау болуы салауатты өмір



сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты десек, бұл мақсатта, яғни, салауатты өмір салтын қалыптастыруда ел судьялары да өз үлестерін қосып жүр. Олар елімізде заң үстемдігін қамтамасыз етумен бірге, жас ұрпақтың спорттық шаралар арқылы денсаулықтарын күтуіне ықпал етуі дәлел. Айтулы іс-шараға келіп, жанкүйер болған жастар қарасының көптігі көңіл қуантқаны рас.

Спартакиадада Қазақстан соттары футбол, волейбол, теннис, бильярд, арқан тарту, шахмат, дойбы сынды спорт түрлерінен бақ сынады. Жарысқа облыстық соттар төрағаларымен қатар, отставкадағы судьялар да қатысып, көрермендер көзайымына айналды. Мысалы, 71 жастағы қостанайлық Бақытқазы Ордабаев жас әріптестерін басып озып, үлкен тенистен 2-орынды иеленді. Бақытқазы Смағұлұлы «Ең жасы үлкен қатысушы» номинациясымен марапатталса, Абай облысының отставкадағы судьясы Рахымқұл Тұрабаев дойбыдан 2-орын алып, жерлестерінің мәртебесін көтерді.

«Кіші футболдан» бас жүлде Қарағанды облысы соттарының командасына, 2-орын Түркістан облысына, 3-орын Ақтөбе облысының судьяларына бұйырды. Командалық ойындарда үздік ойын көрсетіп, жеңіс туын желбіретуге айрықша атсалысқан судьялар да назардан тыс қалмады. «Кіші футболда» алматылық Эрнар Карибаев «Үздік қақпашы», түркістандық Айдос Султанов «Үздік қорғаушы», ақтөбелік Рамазан Құстанов «Үздік шабуылшы» номинацияларына ие болды.

Бильярдтан 3-орын Түркістан өңірі командасының ойыншысы Құрманғали Дүйсебековке, 2-орын Шымкент қаласынан Талғат Кахаровқа бұйырса, жеңіс тұғырына Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов көтерілді. Ал, «Үздік бильярд партиясы» номинациясын ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Досжан Әмір алды.

Шахматтан судьялар спартакиадасының бірнеше дүркін чемпионы, Алматы облыстық сотының төрағасы Еліс Абдықадыров алдына жан салмады. 2-орынды Алматы гарнизоны Әскери сотының судьясы Дихан Әлиасқаров, 3-орынды астаналық Қанат Иманалиев қанжығасына байлады. Батыс Қазақстан об-





лыстық соттарынан Ғизатолла Қырықбаев «Үздік шахмат партиясы» номинациясымен марапатталды.

Үлкен теннисте Шығыстан келген Марат Молдагельдин жеңіске жетіп, түркістандық Мадияр Ташев 3-орыннан көрінді. Үлкен теннис бойынша тағайындалған «Шебер ойыншы» номинациясы алматылық Мақсат Қасымовтың еншісіне тиді. Үстел тенисінде де қатысушылар бір-біріне есе жібермеуге тырысты. Дегенімен, Түркістан облысының судьясы Дәулетияр Машрапов 1-орынды ешкімге бермеді. Ал, 2-орынды Шығыс Қазақстаннан Нұрлан Нұрсапин, 3-орынды Жамбыл облысынан Марлен Тілеубеков алды. Үстел тенисінің «Шебер ойыншы» номинациясын ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Абай Рахметуллин иеленді.

Аса тартысты өткен волейболда 5 команда жарысқа түсіп, облыстық сот төрағасының өзі бастап ойнаған Шығыс Қазақстан командасы жеңіс тұғырына көтерілді. Маңғыстау және Алматы облыстарының соттары да өздерінің мықты дайындықпен келгендерін көрсетті. Нәтижесінде 2-орынды маңғыстаулықтар, 3-орынды Алматы облысы иеленді. Волейбол бойынша үздіктер номинацияларына Ержан Қарабаев, Манат Комиршинов, Ерлан Тасыров

ие болды. Спорттың арқан тарту түрі біздің халқымызға ежелден жақын, яғни, ұлттық ойынымыз. Бұл додада да судьялар қауымы өздерінің мықтылықтары мен ептіліктерін байқатып, Шығыс Қазақстан - 1, Солтүстік Қазақстан - 2, Маңғыстау - 3-орындарды бөлісті. Түркістандық Марат Арапов арқан тартуда «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды.

Дойбыдан 3-орынды алматылық Ұлан Қажыкен, 2-орынды Абай облысының отставкадағы судьясы Рахымқұл Тұрабаев, 1-орынды Павлодар облысынан Динара Мұстафина иеленді. «Үздік дойбы партиясы» Батыс Қазақстаннан Бахытгүл Жангироваға бұйырды.

Спартакиаданың күтілген деңгейде өтуіне атсалысып, жеңімпаздарды анықтауда қажырлы еңбек еткен төрешілер мен мемлекеттік органдар өкілдерін ҚР Судьялар Одағы алғыс хаттармен марапаттады. Жеңімпаздарды Қазақстан Республикасының спорт шеберлері, жоғары және халықаралық дәрежедегі төрешілер анықтады.

Қазақ халқы, әсіресе, оңтүстік өңірі қашаннан қонақжай халық. X спартакиаданың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына Түркістан облысы соттарының әрбір қызметкері айрықша атсалысқанын айтып өткен жөн болар.

**Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы Судьялар
одағының төрағасы:**

– Бұл негізінен судьялар арасында дәстүрге айналған спорттық іс-шара. Алайда, пандемияға байланысты біраз уақыт тоқтап қалған болатын. Бүгінгі күні қайта жалғасын табауда. Өздеріңіз білесіздер, судьялардың жұмысы оңай емес. Олардың қызметін атқаруымен қатар, осындай шараларда өздерін көрсетуілері де керек. Ең алғашқы спартакиада 2003 жылы басталды. Биыл, міне, оныншы спартакиада бас қосып отырмыз. Биылғы жылы спорттың әр түрінен төрт өңірде жарыс өтті. Солардың жеңімпаздары финалдық ойындарда кездеседі. Спартакиада спортты дамытуға, судьялар қауымдастығын біріктіруге бағытталған.

Түркістан 1500 жылдан астам тарихы бар қазақтың рухани астанасы. Сол себепті, біз финалдық ойындарды қасиетті мекенде қорытындылауды ұйғардық. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін.



**Тұрысбек МЫЯТБЕКОВ,
Түркістан облыстық сотының төрағасы:**

– Спартакиада – бейресми ортада судьялардың басын біріктіретін, ынтымағын арттыратын, командалық рухта тәрбиелейтін шара. Бірталай уақыттан бері үзіліп қалып, биыл жалғасын тапқан осы байрақты доданың Түркістанда қорытындылануы біз үшін үлкен мәртебе, сонымен бірге зор жауапкершілік. Бұған дейін еліміздің төрт өңірінде спорттың 8 түрі бойынша сынға түскен судьялар тек төрелік етуге ғана шебер емес, спортта да мықты екенін дәлелдеді. Әсіресе, отставкаға шықса да, сот саласынан да, спорттан да қол үзбеген ардагер судьялардың ісі баршамызға өнеге болуы тиіс.

Қауырт жұмысына қарамастан, Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің арнайы келіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеуі, доданың бел ортасында жүруі әріптестерге ерекше қолдау бергені, рух сыйлағаны анық. Тартысты өткен жарысқа облыстық соттың төрағалары командаларымен келіп қатысты. Бұл біздің әріптестеріміздің сегіз қырлы, бір сырлы екенін, тура төрелікті ғана шебер меңгеріп қоймай, спорттан да жүйрік екенін көрсетеді.

Осындай айтулы шараға Түркістан об-

лыстық сотының ұжымы айрықша дайындалды. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» сайыстың ұйымдастыру жұмыстарына атсалысқан әріптестеріміз бірлік барда алынбайтын қамал жоқ екенін ісімен дәлелдеді. Спартакиаданың әділ өтуіне, қатысушылардың көңілінен шығуына бір кісідей атсалысқан Түркістан облыстық сотының әрбір қызметкеріне басымды иіп алғысымды айтамын! Республиканың түкпір-түкпірінен келген судьяларға риясыз қызмет көрсетіп, ризашылығына ие болған әрбір әріптесіміз мақтауға лайық!

Түркістан төрінде өткен спартакиадада оза шауып, жеңіс тұғырына көтерілген әріптестерімізді жүлделерімен құттықтаймыз. Судьялар қауымының басын қосып, бірлігін нығайтатын жақсы іс алдағы уақытта да жалғасын таба берсін!

Ерден ӘРІПОВ,
Қарағанды облыстық сотының
төрағасы:

– Халқымызда «Тәні саудың – жаны сау» деген сөз бар. Бұл бекер айтылмаған. Спорттық

ойындар ең алдымен денсаулыққа пайдалы. Одан кейін ұжымдағы бірлікті арттырады. Пандемия кезінде бес жылдай мүмкіндік болмай қалғанымен, қазіргі таңда жақсы бастамалар жандануда. Өңірлік іріктеу ойындарында жеңіс тұғырынан көрінген командалар мен жекелеген судьялар бүгін ақтық сайысқа түседі. Бұл шараның Түркістанда өтуі біз үшін жоғары мәртебе.

Түркістан облысының құрылғанына бес жыл болады. Біздің республикалық деңгейдегі шара осы атаулы датаға сай келуін жақсылыққа балап отырмыз. Әріптестерімнің жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспін. Біздің облыстан футбол командасы келді, жеңістен үміттіміз, әрине.

Ербол ЖАНҒАЗИН,
Солтүстік Қазақстан облыстық
сотының төрағасы:

– Біз солтүстіктен келдік, аймақтық жарыста арқан тартудан жеңіске жеткен болатынбыз. Бүгін ең мықты командалармен ақтық сынға түсеміз. Қай салада болмасын қызметкерлердің ұжымдық шаралары олар-



ды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Біз үшін спартакиада өміріміздің ең жарқын кезеңі саналады, әрбір басқосуды асыға күтеміз. Судьялар бір серпіліп қалады. Денсаулығы жақсы адамның жұмыс істеу қабылеті жоғары болады. Сот жүйесінде дәстүрге айналған дүбірлі додаға келген әріптестерімнің әрқайсының жеңіске жетіп, мәртебелерінің артуын тілеймін.

**Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының судьясы:**

– Киелі Түркістан жерінде Судьялар Одағының ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан спартакиада ойындарына қатысқаным өте қуаныштымын. Спартакиада осыдан 20 жыл бұрын Қайрат Әбдіразақұлы ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы, Бекет Тұрғараұлы Солтүстік Қазақстан облыстық сотының әрі Судьялар Одағының төрағасы болып тұрған кезде Солтүстік Қазақстан облыстық судьялар одағы филиалының мұрындық болуымен басталған еді. Жалпы мемлекеттік қызметкерлер, оның ішінде судьялар үшін спорттық шаралардың берері көп. «Шынықсаң шымыр боласың», «Дені саудың – жаны сау» демекші, аяқ алысымыз жаман емес, өкінішке қарай, кейбір жағдайларға байланысты арада біраз үзілістер болды.

ҚР Жоғарғы Сотының, Судьялар Одағының төрағаларына алғысымызды айтамыз. Түркістан облысының ашылғанына кеше ғана бес жыл толды. Осындай айтулы датамен сәйкес келуі бекер емес. Түркістан облыстық сотының төрағасына, соттар ұжымына, жергілікті билікке де ризашылығымызды білдіреміз.

Түркістанның бес жыл ішінде қалай көркейгенін көзімізбен көріп, айрықша сезімге бөлендік. Мұндағы негізгі мақсат жеңу емес, ел спортының дамуына үлесімізді қосу. Ертеден-кешке дейін жұмыстан бас алмай жүрген судьялар қауымдастығы үшін де спорттың пайдасы ұшан-теңіз. Бабаларымыз «Тұлпардан тұлпар озар жарысқанда» дейді. Спорт кез келген адамға көтерңікі көңіл-күй сыйлайды. Судьялар бүгін өздерін тағы бір қырынан көрсетеді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар игі шаралар көбейе берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

**Сәкен АБСАМЕТОВ,
Түркістан облысының кәметке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы:**

– Спартакиаданың тарихы тереңде жатыр. Ол кезде мен Судьялар Одағының хатшылығында жұмыс істедім. Александр Александрович Рекин Одақтың хатшысы болды. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының сол кездегі алқа төрағасы Досжан Сарманқұлұлы Бекет Тұрғараұлына судьялар арасында футболдан жарыс өткізу туралы ұсыныс жасағаны есімде. Бұл ұсыныс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сол кездегі төрағасы Қайрат Әбдіразақұлы тарапынан қолдау тапты.

Судьялар одағының орталық кеңестерінде арнайы жиындар өтіп, ұйымдастыру шаралары талқыланды. Бұдан соң қажетті құжаттар дайындалды. Осындай жарыстарды ұйымдастырып жүрген мемлекеттік мекемелермен тәжірибе алмасып, мықты төрешілердің пікірлері тыңдалды. Спартакиаданы аумақтық жарыстардан бастадық. Әр облыстан келген жарысқа қатысушыларды күтіп алып, орналастыру, шығарып салудың өзі оңай шаруа еместігіне көз жеткіздік. Барлығының басы-қасында жүрдім. Судьялардың спорттық шараларға атсалысуы қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін дәлелдеді. Жеңісті, жемісті күн-деріміз көп болсын!

**Мықтыбек ЗӘУІРБЕКОВ,
отставкадағы судья:**

– 25-30 жылдай әділет, сот салаларында еңбек еттім. Судьялар спартакиадасына футбол, волейбол ойындары бойынша өзім де талай қатыстым. Қазір отставкадамын. Жанкүйер болып сот ардагерлерінің атынан келіп отырмын. Өзім әр облыста қызмет атқарғандықтан, батысқа да, шығысқа да, барлық облыстың судьяларына жанкүйермін.

«Денсаулық – зор байлық» деген, соттардың да спортпен айналысатынына, сала қызметкерлері арасында мықты спортсмендер бар екеніне халық куә болуда. Елімізде спортты жандандыруға барынша көңіл бөлініп жатқанына қуаныштымыз. Мұндай шаралар өте пайдалы әрі керек. Сондықтан, жиі ұйымдастырылуы тиіс деп ойлаймын.

Түймегүл ИБАШЕВА

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Куәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.10.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.10.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 19. Таралым 1360.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»